

ҚАПАРБАЙ РАУШАН ЕДІЛҚЫЗЫ

**Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің
ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен
құрылымы**

8D05108 – Геоботаника

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Б.ғ.д., профессор Мухитдинов Н.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Венгрия ғылым академиясының
эволюциялық геномика бойынша
зерттеу тобының жетекшісі, PhD Шрамко Г.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ.....	10
1.1 Сирек, эндем және жоғалу қауіпі төніп тұрған өсімдік түрлерін зерттеудің қазіргі жағдайы.....	10
1.2 Эндем және сирек кездесетін өсімдік түрлерінің ценопопуляцияларын зерттеу арқылы олардың экологиялық жағдайы мен сақталу мүмкіндіктерін анықтау.....	13
1.3 Ranunculaceae тұқымдасының экологиялық ерекшеліктері, морфологиясы және дәрілік маңызы.....	15
1.4 <i>Hepatica</i> Mill. туысын ботаникалық және молекула-генетикалық тұрғыдан зерттеудің қазіргі жағдайы.....	18
1.5 <i>Hepatica</i> Mill. туысының систематикалық және таксономиялық жағдайы.....	23
1.6 <i>Hepatica falconeri</i> таралу аймағы және оның Қазақстанда таралуы.....	24
1.7 <i>Hepatica falconeri</i> экологиялық-фитоценоздық ерекшеліктері.....	26
2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	28
2.1 Зерттеу нысаны мен аймағы.....	28
2.2 Зерттеу аймағы – Күнгей Алатауындағы «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің физико-географиялық жағдайы.....	29
2.2.1 Жер бедері.....	29
2.2.2 Климаты.....	30
2.2.3 Топырағы.....	33
2.2.4 Гидрологиясы.....	36
2.3 Зерттеу әдістері.....	36
3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ.....	42
3.1 Күнгей Алатауының солтүстік және оңтүстік бөлігіндегі сирек кездесетін <i>Hepatica falconeri</i> (Ranunculaceae Juss.) түрінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайы.....	42
3.1.1 <i>Hepatica falconeri</i> ценопопуляцияларының экологиялық-ценотикалық ұштастығы	42
3.2 <i>Hepatica falconeri</i> өсімдігі популяциясы кездесетін өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамы.....	44
3.3 <i>Hepatica falconeri</i> дарақтарының морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігін анықтау және бағалау.....	57
3.4 <i>Hepatica falconeri</i> ценопопуляциясының онтогенетикалық күйін, санын, тығыздығын анықтау.....	63

3.5	Жастық спектрі негізінде зерттелетін <i>Hepatica falconeri</i> ценопопуляцияларының жағдайына кешенді бағалау жүргізу.....	66
3.6	<i>Hepatica falconeri</i> жер үсті және жер асты мүшелерінің анатомиялық белгілерінің биометриялық көрсеткіштері.....	70
3.6.1	<i>Hepatica falconeri</i> өсімдігі жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы.....	71
3.6.2	<i>Hepatica falconeri</i> өсімдігі сабағының анатомиялық құрылысы....	75
3.6.3	<i>Hepatica falconeri</i> өсімдігі тамырының анатомиялық құрылысы..	80
3.7	Табиғи тіршілік ету ортасында <i>Hepatica falconeri</i> ценопопуляциясының қазіргі жағдайын бағалау және қорғауға ұсыныстар жасау.....	84
ҚОРЫТЫНДЫ.....		87
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....		91
ҚОСЫМША А.....		101
ҚОСЫМША Ә.....		103
ҚОСЫМША Б.....		105
ҚОСЫМША В.....		106

АНЫҚТАМАЛАР

Биологиялық алуантүрлілік – бұл жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің алуантүрлілігі.

Гербарий – белгілі бір ережелерге сәйкес дайындалып кептірілген өсімдіктер жиынтығы.

Қызыл кітап – сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген немесе жойылып кеткен жануарлардың, өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың аннотацияланған тізімі.

Популяция – белгілі бір аумақта ұзақ өмір сүретін бір түрдің дараларын жиынтығы.

Тұқымдас – жануарлар мен өсімдіктер таксономиясында құрылымы ұқсас және шығу тегі бойынша бір-біріне жақын бірнеше туыстардың тобы.

Туыс – бір-біріне жақын түрлердің жиынтығы.

Түр – морфологиялық, анатомиялық, физиологиялық, экологиялық, биохимиялық және генетикалық белгілері бойынша ұқсас, табиғи диапазонды алып жатқан, бір-бірімен еркін араласып, құнарлы ұрпақ бере алатын дарактардың тобы.

Флора – белгілі бір аумақта таралған өсімдік түрлерінің тарихи қалыптасқан жиынтығы.

Ценопопуляция – белгілі бір тіршілік ету ортасын алып жатқан бір фитоценоздағы түр дарактарының жиынтығы.

Эндем – географиялық шағын аймаққа ғана таралған, басқа жерде кездеспейтін түрлер.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЦП	ценопопуляция
м	метр
МҰТП	Мемлекеттік Ұлттық табиғи парк
j	ювенильдік тіршілік күй
im	имматурлық тіршілік күй
v	виргинильдік тіршілік күй
g	генеративтік тіршілік күй
s	сенильдік тіршілік күй
max	ең үлкен мән (maximum)
min	ең кіші мән (minimum)
GPS	Жаһандық позициялау жүйесі (Global positioning System)
N	ендік
E	бойлық
т.б.	тағы басқа
т.д.б.	теңіз деңгейінен биіктік
%	пайыз

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (*Ranunculaceae* Juss.) түрінің ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен құрылымын зерттеуге арналған.

Тақырыптың өзектілігі. Соңғы уақытта өсімдік әлеміне ғаламдық антропогендік әсердің күшеюіне байланысты, атап айтқанда, фитомассаның азаюы, бірқатар түрлер мен биомдардың жойылуы, ксенобиотикалық заттармен ластану, климаттық өзгерістер мен басқа да факторлар әсерінен өсімдік популяцияларына төнетін қауіптердің айтарлықтай артуы байқалуда [1]. Биология және экология саласындағы мамандар алдында жаңа, маңызды міндет туындады — ол популяциялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету механизмдерін анықтау және өсімдік түрлерінің жойылуына алып келетін нақты алғышарттарды зерттеу [2-7]. Биологиялық түрлердің жойылуы – бұл орны толмас, қайтымсыз процесс, сондықтан сирек кездесетін өсімдік түрлерін қорғау және олардың жойылуын болдырмау мәселесі бүгінгі таңда дүние жүзінің ботаниктері мен экологтарының ең өзекті міндеттерінің біріне айналды [1].

Қазақстанның флорасы 29 ауданнан тұрады, солардың ішінде сирек және жойылу қаупі төніп тұрған 387 өсімдік түрі өседі [8, 9]. Бұл жағдайды ескере отырып, елімізде қоршаған ортаны қорғау бойынша Халықаралық Конвенцияға негізделген және Қазақстанның генетикалық ресурстарын сақтау мен тиімді пайдалану жөніндегі Ұлттық стратегия қабылданған. Атап айтқанда, соңғы 70-80 жыл ішінде антропогендік факторлардың әсерінің күшеюіне байланысты, елімізде сирек кездесетін өсімдік түрлерін зерттеу мәселесі маңызды әрі күрделі проблемаға айналып отыр. Қазіргі уақытта, Қазақстанда кейбір сирек эндем өсімдік түрлерінің ботаникалық сипаттамасы мен ерекшеліктері белгілі бір деңгейде зерттелген. Алайда, сирек кездесетін және эндем шөптесін өсімдік түрлерінің популяциялық сипаттамаларын, оның ішінде жастық құрамын және анатомиялық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін жеткілікті деңгейде жүргізілмеген.

Қазақстанның сирек кездесетін өсімдік түрлерінің бірі — *Ranunculaceae* тұқымдасына жататын *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. Бұл түр ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар өсімдік ретінде қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізіміне енгізіліп, сондай-ақ Қазақстанның сирек кездесетін өсімдік түрлері қатарына қосылып, 2014 жылғы Қазақстанның Қызыл кітабында тіркелген. *Hepatica falconeri* түрінің ценопопуляцияларын кешенді түрде зерттеу, оның ішінде популяция саны, жастық құрамы, морфо-анатомиялық өзгергіштігінің деңгейін анықтау және осы зерттеу нәтижелерін терең талдау Қазақстан территориясында әлі күнге дейін жүргізілмеген. Бұл жағдай аталған зерттеу жұмысының маңыздылығы мен өзектілігін айқын көрсетеді.

Жұмыстың мақсаты. Биоалуантүрлілікті сақтау үшін Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (Ranunculaceae Juss.) түрінің ценопопуляциясының экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен құрылымын зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асырылды:

1. *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. қатысуымен өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамын анықтау.
2. *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. дарактарының морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігін анықтау және бағалау.
3. *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. ценопопуляциясының онтогенетикалық күйін, санын, тығыздығын анықтау.
4. Жастық спектрі негізінде зерттелетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. ценопопуляцияларының жағдайына кешенді бағалау жүргізу.
5. *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. түрлерінің анатомиялық құрылысы ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу.
6. Табиғи тіршілік ету ортасында *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. ценопопуляциясының қазіргі жағдайын бағалау және қорғауға ұсыныстар жасау.

Зерттеу нысаны. *Hepatica falconeri* өсімдігінің табиғи үш популяциясы: бірінші популяция – «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Талды шатқалындағы Талды өзенінің сол жақ жағалауы; екінші популяция – «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Царские ворота сайындағы Талды өзенінің сол жақ жағалауы; үшінші популяция – Чон-Ақсу шатқалындағы, Чон-Ақсу өзенінің сол жақ жағалауы.

Зерттеу әдістері. Жұмыс барысында геоботаникалық, морфо-анатомиялық әдістер пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Зерттеу нәтижелері алғаш рет Күнгей Алатауындағы Қазақстанның флорасындағы туыстың жалғыз өкілі, өте сирек кездесетін *Hepatica falconeri* түріне зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. қатысуымен өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамын анықталды.

Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. дарактарының морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігі анықталды және бағаланды.

Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. ценопопуляциясының онтогенетикалық күйі, саны, тығыздығы анықталды.

Жастық спектрі негізінде зерттелетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. ценопопуляцияларының жағдайына кешенді бағалау жүргізілді

Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. түрлерінің анатомиялық құрылысы ерекшеліктері салыстырмалы зерттелді.

Hepatica falconeri (Thoms.) Steward. ценопопуляциясының қазіргі жағдайын бағалау және қорғауға ұсыныстар жасалынды.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы.

Жұмыстың ғылыми маңызы өте сирек кездесетін *H. falconeri* түрінің ценопопуляциялары ерекшеліктерін кешенді бағалау негізінде жаңа ақпарат алынды, бұл *H. falconeri* зерттелген популяциялары жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар.

1. Зерттелген қауымдастықтардың флорасы 43 тұқымдас, 106 туысқа жататын 133 түр анықталды.
2. *H. falconeri* өсімдігінің морфологиясы және морфологиялық өзгергіштігі зерттелді.
3. *H. falconeri* өсімдігінің ценопопуляциялардағы саны, тығыздығы, онтогенетикалық күйі анықталды.
4. *H. falconeri* өсімдігінің жастық күйі сипатталды.
5. Алғаш рет *H. falconeri* түрлерінің анатомиялық құрылысы ерекшеліктері салыстырмалы зерттелді.

Автордың жұмыстағы жеке үлесі.

Зерттеу жұмысының авторы әдеби деректерді сараптап, зерттеу мақсаты мен міндеттерін орындау барысында түрлі әдістерді пайдаланып, зерттеу нысанын далалық және зертханалық жағдайларда зерттеді. Алынған нәтижелерді жинақтап, өңдеп, диссертацияны жазу мен рәсімдеу процесіне толықтай өз үлесін қосты.

Жұмыстың апробациясы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен негізгі қағидалары халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды және талқыланды.

- «Қазақстан тәуелсіздігі: Биоалуантүрлілікті сақтау аспектілері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы қ., Қазақстан, 2021);
- «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы (Алматы қ., Қазақстан, 2021, 2022);
- «Оңтүстік Сібір мен Монғолия ботаникасының мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Барнаул, Ресей, 2022).

Басылымдар. Диссертацияның негізгі мазмұны басылып шыққан 11 жұмыста көрсетілген, оның ішінде 1 мақала Scopus және Web of Sciences мәліметтер базасына енетін ғылыми журналда, 4 мақала Қазақстан Республикасының Ғылыми және Жоғары Білім саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 3 мақала және 3 тезис халықаралық ғылыми конференциялар материалдар жинағында жарияланған.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация 108 беттен, кіріспеден, әдебиеттерге шолулардан, материалдар мен әдістерден, нәтижелер мен

талқылаудан, қорытындыдан, 145 әдебиеттер тізімінен, 15 кесте мен 17 суреттен тұрады.

1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

1.1 Сирек, эндем және жоғалу қауіпі төніп тұрған өсімдік түрлерін зерттеудің қазіргі жағдайы

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогресс пен өнер-кәсіптік және ауыл шаруашылық өндірістің қарқынды дамуы – адам қоғамы дамуының бұлжымас алғышарты. Алайда, экономикалық даму үшін үлкен ауқымда жер аумақтары игеріліп, соның нәтижесінде табиғи экожүйелердің көлемінің қысқаруына, яғни биологиялық алуан-түрліліктің кеміп-жойылуына алып келді. Әсіресе шектеулі жер ауқымында таралған сирек кездесетін өсімдіктердің түрлері жойылып кету қаупі нақты төнген ең осал бөлігі болып табылады. Өз кезегінде көптеген сирек кездесетін өсімдіктер: ареалдары шектеулі, кейде тіпті тым тар шектеулі эндемдер мен өткен дәуірлердегі өсімдіктер жамылғысының қалдығы болып табылатын реликтті түрлер қазіргі экожүйелердің құрамында маңызды функционалдық роль атқарады, олардың көпшілігінің үлкен шаруашылық маңызы бар: бағалы дәрі-дәрмектік, техникалық, азық-түліктік және әсемдік өсімдіктер болып келеді; олардың эстетикалық, тарихи және ғылыми – танымдық маңызы да орасан зор болып табылады. Сондықтан, бұл түрлерді және олардың өсу ортасын табиғи қалыпта сақтау маңызы бірінші кезекте өте жоғары мәселе болып табылады.

Қазақстанның өсімдік жамылғысы алуан түрлі. Қазіргі уақытта еліміздің өсімдік жамылғысында 6000-ға жуық жоғары сатыдағы өсімдік түрлері кездеседі. Бұл көрсеткіш көршілес елдермен салыстырғанда төмен болып тұр, бірақ оның негізгі себебі – еліміздің көп бөлігін дала, шөл және шөлейтті аймақтардың алып жатуы. Сонымен қатар, Қазақстанның геологиялық тарихы жас болып келеді, сондықтан кейбір аймақтарда өсімдік жамылғысы әлі де толық қалыптаспаған [10].

Қазіргі таңда жабайы өсетін және сирек кездесетін өсімдік түрлерінің таралу аймағы адамның шаруашылық қызметінің әсерінен тарылып барады, бұл олардың биологиялық алуантүрлілігін сақтап қалу мәселесін өзекті етуде. Сонымен қатар, адамның әрекеттері салдарынан әр күн сайын бір өсімдік түрі жойылып отыр [11], бұл алдағы 50 жылда 60 000-100 000 түрдің жоғалуы мүмкін екенін көрсетеді [12, 13]. Соңғы уақытта флораға қауіп төнуін зерттеген жұмыстардың нәтижесінде, Табиғатты Қорғаудың Халықаралық Одағы (ТҚХО) критерийлері бойынша, әлем бойынша өсімдіктердің жартысына жуығы жойылу қаупі бар статусқа өтуі ықтимал [14].

Биологиялық алуантүрлілік – белгілі бір аймақтың немесе бүкіл планетаның тіршіліктің түрлерінің алуантүрлілігінен тұратын ұғым. Биоалуантүрлілік Конвенциясына сәйкес, алуантүрлілік үш негізгі деңгейге бөлінеді: экожүйелердің алуантүрлілігі, түрлердің алуантүрлілігі және генетикалық алуантүрлілік [2].

Өткен ғасырдың соңынан бастап Қазақстанда табиғатты қорғау саласында көптеген шаралар қабылданып, жүзеге асырылды. Бұл кезеңде табиғатты қорғау

жөніндегі ірі жобалар жүйесі іске қосылып, «Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау және тұрақты пайдалану бойынша Ұлттық стратегиясы» қабылданды. Бұл стратегия Қазақстанның экологиялық саясатының негізгі бағыттары мен принциптерін, сондай-ақ басымдықтарын айқындайтын ұзақ мерзімді жоспардың маңызды құжаты болып табылады. Қазақстан Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы № 1692 қаулысына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ЕҚТТ) дамыту мен орнату концепциясы негізінде Қазақстанның экологиялық жүйесінде маңызды орын алатын ЕҚТТ аймақтары кеңейтілді.

Сирек кездесетін түрлерді қорғау мәселесі көптеген халықаралық форумдарда талқыланды. Мысалы, 1970 жылы – XVII биологиялық ғылымдардың халықаралық Одағының Бас Ассамблеясында, 1972 жылы – Біріккен Ұлттар Ұйымының Стокгольмдағы қоршаған ортаға қатысты конференциясында, 1975 жылы – XII Халықаралық ботаникалық конгрессте және 1978 жылы – Ашхабадтағы ТҚХО Бас Ассамблеясында қаралды. 1982 жылы БҰҰ пленарлық отырысында табиғатты қорғаудың Әлемдік хартиясы қабылданды, ал 1992 жылы БҰҰ-ның Рио-де-Жанейрода өткен конференциясында Биологиялық алуантүрлілік конвенциясы бекітілді. Қазақстан бұл конвенцияға 1992 жылы қол қойып, 1994 жылы ратификациялады. 1998 жылы қоршаған ортаны қорғау шараларының Ұлттық жоспары дайындалып, онда биоалуантүрлілік басты компонент ретінде қарастырылды.

Табиғатқа адамның әсері жылдан жылға көбейіп барады, сондықтан биологиялық алуантүрлілікті сақтау мәселесі әлемдік қауымдастық тарапынан қолдау табуда. Қазіргі таңда биологиялық алуантүрлілік Конвенциясы [2] және өсімдіктерді қорғау Ғаламдық стратегиясы [3] негізінде Қазақстанда биологиялық алуантүрлілікті сақтау бағытында іс-шаралар жүргізілуде. Биологиялық алуантүрлілікті сақтау мен тіршілік көздерін тиімді пайдалану мәселелері адамзаттың басқа да проблемаларымен салыстыруға келмейтіндей маңызды.

Сирек және жойылып бара жатқан өсімдік түрлерін қорғаудың тағы бір құралы ретінде Қызыл кітап пайдаланылады. 1981 жылы Қазақстанның алғашқы Қызыл кітабы жарық көріп, оған сирек және жойылып бара жатқан 306 өсімдік түрі енгізілген. 2014 жылы Қызыл кітаптың 1-ші басылымы қайта басылып шықты, оған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, «Экологиялық реконструкция» Орталығы және «Ботаника және фитоинтродукция институты» қатысқан. Жаңа басылымға 387 өсімдік түрі енгізілді, бұл бірінші басылыммен салыстырғанда шамамен 81 түрге артық, бұл көрсеткіштің өсуі табиғи экожүйелерге антропогендік әсердің артуына байланысты болып отыр [9].

ТҚХО (Табиғатты қорғаудың Халықаралық одағы) көптеген жылдар бойы сандық критериилер негізінде ақпаратты бағалап, түрлердің жоғалу қаупін анықтап, биоалуантүрліліктің құлдырау деңгейін бақылап келеді. ТҚХО-ның

Қызыл кітабы өсімдіктер мен жануарлардың ғаламдық жағдайы мен оларды сақтаудың маңызды кадастры болып табылады [14].

Ғалымдар өсімдіктердің сирек түрлерін зерттеудің қажеттілігін айқындай отырып, популяциялық деңгейде жүргізілетін жұмыстардың маңыздылығын атап өтуде. Ценопопуляция — бұл өсімдік түрлерінің нақты өмір сүру формасы болып табылады, оның күрделі құрылымы мен функционалдық ерекшеліктері болады [15]. Осыған байланысты сирек кездесетін өсімдік түрлерінің өсуі мен дамуының болашағын болжау үшін ценопопуляцияның сипаттамасын және генетикалық параметрлерді кешенді түрде бағалау қажет.

XXI ғасырдың басында биоалуантүрліліктің жойылуы ғаламдық экологиялық мәселе болып табылады. Бұл мәселе көптеген зерттеулер мен мақалаларға негіз болған [16-21]. Өсімдіктерге антропогендік әсер, фитомассаның азаюы, биомдардың жойылуы, ксенобионттардың таралуы, климаттық өзгерістер өсімдік популяцияларына қауіп төндіруде. Биоалуантүрліліктің төмендеуі проблемасының бір бөлігі ретінде сирек кездесетін өсімдік түрлерінің жойылуы түр [18].

Сирек кездесетін түрлердің жойылуы — ғаламдық проблема, өйткені түрдің жоғалуы орны толмайтын шығындарға әкеледі. Генотиптер қайталанбайды, сондықтан табиғи қасиеттері бар жойылған түр мәңгілікке жоғалады. Ю.А. Злобин және басқа ғалымдардың айтуынша, сирек кездесетін өсімдіктерді сақтау және олардың жойылуына жол бермеу — бүкіл әлем елдерінің экологиялық және биологиялық қауымдастықтарының басты міндеті [1]. Сонымен қатар, сирек кездесетін өсімдік түрлерін зерттеу кезінде популяциялық деңгей ерекше маңызды. Бұл әрбір өсімдік түрі табиғатта өз алдына дербес жергілікті популяция ретінде өмір сүретінін көрсетеді, ал осы популяцияларда өтетін процестер оның дамуы мен тіршілік ету қабілетін анықтайды. Түрдің жойылуы дегеніміз — табиғаттағы жергілікті популяциялардың жоғалуы болып табылады. Сондықтан сирек өсімдіктерді популяциялық деңгейде зерттеу өте маңызды әрі қажетті. Бірақ, Ю.А. Злобин, В.Г. Скляр және А.А. Клименко [1] айтқандай, сирек кездесетін өсімдік түрлерінің популяцияларын зерттеу әдістемесі мен теориялық негіздері әлі толықтай қалыптаспаған.

Сирек кездесетін өсімдік түрлерін кешенді зерттеу үшін генетикалық, экологиялық және ботаникалық зерттеу әдістерін кеңінен қолдану қажет. Бұған тіршілік формаларының талдауы, дарақтардың морфогенезінің ерекшеліктері, морфометрикалық мәліметтер, популяцияның онтогенетикалық және жастық құрамы, өсімдіктердің репродуктивтік қабілеті, экотоптың ерекшеліктері мен оның өсімдік түрінің экологиялық талаптарына сәйкес болуы, сондай-ақ генетикалық алуантүрлілік, ценопопуляциядағы дифференциацияның популяция ішіндегі және аралық деңгейлері жатады. Мұндай тәсіл сирек кездесетін өсімдік түрлерінің тіршілігіндегі жалпы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді және осы себепті өзекті болып табылады.

Адамның табиғатқа әсерінің артуы нәтижесінде соңғы жылдары биоалуантүрлілікті сақтау мәселесі маңызды болып отыр [22, 23]. Бұл мәселені шешу мен зерттеу барысында экожүйенің осал бөлігі болып саналатын жоғалып бара жатқан және сирек кездесетін өсімдіктердің жағдайын бағалау өте маңызды. Көптеген сирек түрлер биологиялық ақпараттың тасымалдаушысы болып табылады және қорғалатын аумақтардың ғылыми құндылығын арттыратын объектілерге айналады.

Сирек өсімдік түрлерін сақтау мәселелерін шешу және зерттеу жұмыстарын жүргізу өсімдік түрлерінің жағдайын зерттеудің ортақ әдіснамасының болуына тікелей байланысты. Бұл әдіснамалар салыстыруға келетін мәліметтер алуға, олардың экологиялық оптимумын анықтауға және қорғау шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, түрлердің ценопопуляциясының жағдайын нақты диагностика жасауға мүмкіндік беретін популяциялық зерттеулер өте маңызды [24, 25]. Ценотикалық популяцияларды зерттемей, биоалуантүрлілікті сақтау мүмкін емес. Популяцияның құрылымын зерттеу олардың әртүрлі қауымдастықтардағы жағдайын бағалауға, түрдің тіршілік ету мүмкіндігін және өзін-өзі реттеу механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Түрдің биологиясын және оның популяциясының құрылымын білу — бұл популяцияның дамуын болжау мен қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына өсімдіктердің жауабын алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін негіз болып табылады [26-29].

Сонымен қатар, көптеген өсімдік түрлерінің таралуы, биологиясы, экологиясы, санының өзгеру динамикасы мен ареалдары жеткілікті зерттелмеген. Бұл жағдайлар сирек кездесетін және осал түрлердің табиғи генофонды мен ценофондын сақтау стратегиясын әзірлеуге теріс әсерін тигізеді.

1.2 Эндем және сирек кездесетін өсімдік түрлерінің ценопопуляцияларын зерттеу арқылы олардың экологиялық жағдайы мен сақталу мүмкіндіктерін анықтау

Эндем және сирек кездесетін өсімдік түрлерін зерттеу кезінде популяциялық деңгейдің маңызы айтарлықтай жоғары. Әрбір өсімдік түрі табиғатта белгілі бір жергілікті популяция түрінде өмір сүріп, осы популяцияларда жүретін биологиялық процестер түрлердің тұрақтылығы мен даму динамикасын анықтайды. Өсімдік түрінің жойылуы – бұл нақты бір жергілікті популяцияның жойылуымен байланысты, себебі әрбір популяция түрдің сақталуында маңызды рөл атқарады. Осылайша, сирек кездесетін өсімдіктерді популяциялық деңгейде зерттеу аса өзекті әрі нәтижелі тәсіл болып табылады. Популяциялық зерттеу әдісі өсімдіктердің популяцияларын жан-жақты талдауды қамтиды, бұл әдіс ғылыми құндылығы жоғары болып саналады, себебі ол өсімдіктердің өсуі, өнімділік процесі және көбею қабілеттілігі туралы нақты әрі маңызды деректер жинауға мүмкіндік береді.

Сирек кездесетін және эндемикалық флора өкілдерінің ценопопуляцияларының құрылымын зерттеу және олардың жағдайын бағалау биологиялық алуантүрлілікті сақтау үшін өте маңызды. Ценопопуляциялар өсімдік түрлерінің тіршілігінің нақты үлгісі болып табылады, олардың құрамында күрделі құрылым мен ерекше функционалдық жүйе бар [30]. Ценопопуляция деп белгілі бір экологиялық ортада, яғни бір фитоценоз шегінде белгілі бір түрдің дарактарының жиынтығын түсіну керек [31]. Популяциялық-онтогенетикалық әдіс табиғи ценопопуляцияларды әр түрлі экологиялық және фитоценодикалық жағдайларда зерттеу үшін кеңінен қолданылады. Өсімдіктер түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ценопопуляциялардың жан-жақты талдау жүргізіледі, бұл талдау кеңістіктік, онтогенетикалық, жастық құрылым, тұқымның өну қарқындылығы мен тиімділігі сияқты аспектілерді қамтиды [32, 33].

Сирек кездесетін және жойылу қаупі бар дәрілік өсімдіктер түрлерінің ценопопуляцияларын зерттеу қазіргі уақытта ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды бағытқа айналып отыр. Бұл зерттеулердің маңызы, әсіресе, табиғи ортадағы дәрілік өсімдіктердің сақталуын және олардың экологиялық жағдайын анықтау тұрғысынан зор. Кубентаев пен Данилова (2017) өз зерттеулерінде *Rhaponticum carthamoides* (Willd.) Iljin (Asteraceae) түрінің экологиялық және биологиялық сипаттамаларын, сондай-ақ оның Ивановский жотасындағы (Шығыс Қазақстан) ресурстық көрсеткіштерін бағалаған. Зерттеу барысында бұл өсімдіктің фитоценодикалық ерекшеліктері, онтогенез кезеңдері, ценопопуляциялардың жастық құрылымы, саны мен дамудың маусымдық ырғағы анықталды. Сонымен қатар, *Rh. carthamoides* түрінің өндірістік деңгейде пайдалануға жеткілікті қорлары бар екені дәлелденді. Зерттелген популяцияда барлық жастық топтар болса да, генеративтік дарактар басымдық танытты. Бұл нәтижелер Шығыс Қазақстандағы *Rh. carthamoides* түрінің ценопопуляцияларының жақсы күйде екенін көрсетті [34].

Gueldenstaedtia monophylla (Fabaceae) – бұл Орталық Алтайдың таулы-дала белдеулерінде, өте сирек түрде Оңтүстік-Шығыс Алтайда, сондай-ақ Тува мен Моңғолияда кездесетін сирек түр. Селютина және оның әріптестері Солтүстік-Батыс Моңғолияның шөлді дала жағдайында осы өсімдіктің төрт ценопопуляциясының онтогенетикалық, виталитеттік және кеңістіктік құрылымын зерттеді. Олар зерттелген популяциялардың толық мүшелі емес екенін, сондай-ақ дефинитивті, қалыпты, жетілген дарактардың, g1 (v)- және g3-дарактардың максималды жиынтығымен бимодальды онтогенетикалық спектрдің бар екенін анықтады. Дарактардың кеңістіктегі таралуы контагиозды типті болып, бұл өсімдіктің ұзақ генеративтік кезеңі арқасында *G. monophylla* шөлді даладағы жайылымдық дегрессия деңгейі жоғары болса да, тұрақты түрде жаңарып, тіршілігін қалыпты түрде жалғастыратынын көрсетті [35, 36].

Каримов және оның авторлық тобы (2013) Башқұртстан Республикасының Заурал аймағының солтүстік бөлігіндегі сирек кездесетін өсімдік түрлерінің (*Patrinia sibirica*, *Sophianthe sibirica*, *Anemonastrum biarmense*, *Bupleurum multinerve*) табиғи ценопопуляцияларының қазіргі жағдайын зерттеген. Олар зерттеген өсімдіктердің ценопопуляциялары толық мүшелі емес екенін, спектрде ювенильдік, имматурлық және сенильдік дарақтардың болмағанын және шыңы орташа генеративтік дарақтарға тиесілі екенін көрсетті. Фитоценодикалық ұштастықты бағалау негізінде өсімдік жабынының басым бөлігін петрофиттік және тасты топырақтың жоғары мөлшері бар таулы далалар құрайтыны анықталды. Популяцияның тығыздығы мен құрылымы қанағаттанарлық және жақсы жағдайда екенін көрсетті [37].

Осылайша, сирек кездесетін өсімдіктер түрлерін зерттеу кезінде популяциялық деңгейдің маңызы зор. Әрбір өсімдік түрі табиғатта өзіндік тәуелсіз жергілікті популяция ретінде өмір сүреді, және осы популяцияларда жүріп жатқан процестер олардың тұрақтылығы мен даму динамикасын анықтайды. Түрдің жойылуы – бұл табиғаттағы белгілі бір жергілікті популяцияның жоғалуы болып табылады. Сондықтан, сирек кездесетін өсімдіктер түрлерін популяциялық деңгейде зерттеу өте маңызды және тиімді болып саналады. Популяциялық зерттеу тәсілі өсімдіктердің популяциясын жан-жақты зерттеуді қамтиды, бұл тәсіл ғылыми құндылығы жоғары болып, сирек кездесетін өсімдіктердің өсуі, өну процесі және көбею қабілеттілігі туралы құнды деректер жинауға мүмкіндік береді.

1.3 Ranunculaceae тұқымдасының экологиялық ерекшеліктері, морфологиясы және дәрілік маңызы

Ranunculaceae тұқымдасы 2000 түрден (45 туыс) тұрады және олардың көпшілігі қоңыржай және салқын климатты аймақтарда кеңінен таралған. Кейбір түрлері тропикалық аймақтарда да өседі [38]. Бұл тұқымдасқа тән 50 туыс және 200-ден астам түрлер белгілі. Көпшілігі қоңыржай және салқын климаттық белдеулерде кеңінен таралған, сондай-ақ олар барлық континенттерде, әсіресе Солтүстік жарты шардағы тропикалық аймақтарда кеңінен кездеседі. Ranunculaceae тұқымдасының туыстары мен түрлері Голарктикалық патшалыққа тән болып табылады [39]. Қоңыржай аймақтарда 1500 түрі таралған, ал Қазақстанда 187 түрі кездеседі [40]. Ranunculaceae тұқымдасы көбінесе ылғалы мол шалғындықтарда және орман өсімдік жабынының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұқымдастың негізгі тіршілік формасы — көпжылдық шөптесін өсімдіктер, олардың тамырсабақтары мен түйнектері жер астында қыстап шығады, сиректеу бұталар немесе лианалар кездеседі [41].

Ranunculaceae тұқымдасының көпшілігі қоңыржай және салқын климатты, сондай-ақ ылғалды аймақтарда өседі. Бұл тұқымдасқа су өсімдіктерінің бірнеше түрлері де тән. Мысалы, тоғандар, көлдер және арықтардың маңында

сусарғалдағы (*Batrachium* S.F. Gray.) таралған. Ылғалы мол ортада қалтагүл (*Caltha* L.) өседі, бұл өсімдіктің кейбір түрлерінің сабақтары икемді болып келеді. Шыбынжекжапырақ қалтагүл (*Caltha dionaeifolia* L.) өсімдігі ерекше сыртқы көрініске ие және ол тек Аргентина мен Чилидің оңтүстік бөлігінде кездеседі.

Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің көпшілігі көпжылдық шөптесін түрлер болып табылады, сондай-ақ бір немесе екі жылдық шөптесін өсімдіктер мен аралас тал-шіліктер де кездеседі. Тамырсабақтары негізінен симподиальды болып табылады (моноподиальды сирек кездеседі) және бұл жаңа жерасты өркендерінің қысқаруынан пайда болады. Тамырдың қалыңдап өсуі байқалады, онда қоректік заттар жинақталып сақталады, мысалы, *Ranunculus illiricus* өсімдігінде тамыры түйнек тәрізді болып келеді. Кейде қоректік заттардың қоры сабақтың төменгі бөлігінде жиналады, мысалы, *Ranunculus bulbosus* өсімдігінде.

Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің жапырақтары негізінен кезектесіп орналасқан, көбінесе жай, бөлінген немесе қалақты, саусақ тәрізді болады. Жертаған жапырақтары ұзын сағаққа және кең қынапқа ие, ал сабақтағы жапырақтардың сағақтары қысқа, ал пластинкасы қынапқа қарай өтеді. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктердің жапырақтары саусақ тәрізді бөлінген, сондай-ақ ірі тісті немесе тілінген болуы мүмкін, майда жапырақтары доғал, ал үлкендері бүйрек тәрізді келеді. Егер жапырақ тұтас немесе бөлшектенген болса, оның қыры тісті (қалтагүл, кейде сарғалдақтар). Жапырақтар жіңішке болған жағдайда, оның негізі доғал немесе сынатәрізді болады.

Ranunculaceae тұқымдасының гүлдері гүлшоғырдың жоғарғы бөлігінде орналасады; олар шоқ тәріздес немесе шашақты болып, дара, қосжынысты, кейде біржынысты, бұрамалы, актиноморфты немесе зигоморфты болады (мысалы, *Delphinium*, *Consolida*, *Aconitum*). Гүлтабан жақсы дамыған, кейде ұзын болып келеді.

Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің гүлдерінің түстері әртүрлі болып келеді, оның ішінде ақ (*Anemone nemorosa* L.), көк (*Hepatica*, *Aconitum*), сары (сарғалдақ, қалтагүл), ақшыл сары (жанаргүл, азиат сарғалдағы) түстері бар. Гүлсерігі қос немесе жай болып қалыптасады. Гүлдің ашық түсті болуы көбінесе гүл тостағаншасының жеке жапырақтарының құрылымына байланысты. Гүл тостағаншасы негізінен бес жеке тостағанша жапырақшасынан тұрады, бірақ кейде алты жапырақша болуы мүмкін. Тозанды өсімдіктерде, мысалы, қалтагүл, жарықгүл және желайдар туыстарында гүл тостағаншасының жапырақтары гүлдеген соң түсіп кетеді. Дегенмен, тек қаргүл (*Hegemone*), оксиграфис (*Oxygraphis*), пароксиграфис (*Paroxygraphis*), сондай-ақ бәрпі, сарғалдақ және жарықгүл туыстарында гүл тостағаншасының жапырақтары сақталады [42, 43].

Әдетте, Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің аталықтары көп мөлшерде және спиральды түрде орналасады. Тозандар бойлай ашылып, олардың дәндері әртүрлі құрылымда болуы мүмкін: жиі ұшауызды (трехбороздные), торлы

экзиалы және көпатызды болып кездеседі. Гинецей апокарпты немесе синокарпты болады (мысалы, *Nigella* туысының өсімдіктерінде). Екіншілік белгілердің әсерінен жеміс жапырақшаларының саны көбейеді, бұл ұрықтың көлемінің кішіреюі және гүлтабанның үлкеюі нәтижесінде жүзеге асады. Аналық мойыны жақсы дамыған [44, 45].

Бұл тұқымдасқа тән гүл құрылымының ерекшеліктері олардың биологиялық қызметінде маңызды рөл атқарады. Жемістері көбінесе құрама-топтама түрінде, жаңғақшалардың жиынтығы немесе маманданған қарапайым құрылымда болады. Гүлсерігінің редукциясына байланысты кейбір туыстарда (мысалы, *Thalictrum* туысы) гүлсерігі толықтай қарапайымға айналған. Сонымен қатар, сарғалдақ гүлдерінің құрамында улы заттар бар, сондықтан олар малдар үшін қорқынышты. Бұл өсімдіктер пішен үшін жайылымдарда немесе шалғындарда қажетсіз компоненттер ретінде саналады. Олар негізінен сәндік және дәрілік мақсаттарда қолданылатын өсімдіктер болып табылады [46, 47].

Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің көпшілігі жәндіктер арқылы тозаңданады. Кейбір түрлерінде шірнеліктер болмайды және тозаң жәндіктердің назарын өзіне аударуға қызмет етеді. Әдетте, жәндіктерді өсімдіктің шырындары қызықтырады.

Шірнеліктердің құрылымы мен түзілуі әртүрлі болып келеді. Мысалы, қалтагүл өсімдігінде шірнеліктер жеміс жапырақшасының төменгі жағында орналасады, ал шырын көбіне күлте жапырақшасынан бөлінеді. Маманданған шірнеліктер ерекше формаға ие және олар күлте жапырақшаларынан пайда болады. Мұндай шірнеліктердің саны көбінесе тостағанша жапырақшаларының санына сәйкес келеді. Шырынның жинақталуы мен бөлінуі функциясы осындай топтағы шірнеліктерде қатаң маманданған.

Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдік гүлдерінің ашылуы көбінесе аталықтың ішке қарай иіліп, жеміс жапырақшасы оны жауып тұратындай түрде жүзеге асады. Тозаңның дамуы сыртқы аталықтан басталып, біртіндеп жеміс жапырақшасынан дамиды [41].

Химиялық құрамы тұрғысынан, Ranunculaceae тұқымдасындағы өсімдіктердің құрамында көмірсулар екі түрлі крахмал дәндерінен тұрады: ірі пластидті және ұсақ крахмалдар. Сонымен қатар, белоктар эластикалық және созылғыш қасиеттері бар белок топтарынан тұрады. Майлар эндоспермінде болатын май топтарынан қалыптасып, олар ұрықтың ішінде белок пен көмірсулармен бірге кездеседі.

Тұқымда түрлі элементтер, клетчатка, витаминдер мен ферменттер де бар, олардың негізгі қызметі қор заттарын ұрықтың жеңіл сіңірілуіне қолайлы етіп айналдыру болып табылады [46].

Ranunculaceae тұқымдасының көпшілігі улы өсімдіктер болып табылады, сондықтан олармен жануарлар қоректенбейді. Бұл өсімдіктер құрамында көптеген алкалоидтар бар, олар токсикалық қасиетке ие, бірақ сонымен қатар

медицинада кеңінен қолданылады. Кейбір түрлері ежелден бері адамдар тарапынан дәрілік мақсатта пайдаланылып келген. Мысалы, бәрпінің улы екендігі ерте кезеңдерден белгілі болған. Ежелгі Греция мен Қытайда жебе оғына у дайындау үшін, ал Непалда жаудан қорғану мақсатында суға у қосып қой мен ешкілерді уландырып, етін жауларға берген. Тибетте бәрпі әлі күнге дейін «медицина патшасы» деп бағаланады. Барлық бәрпі өсімдіктерінің құрамында қуатты алкалоидтар бар, олар жоғары уытты болып келеді. Медициналық тұрғыда бұл өсімдік көптеген түрлі мақсатта қолданылады.

Сонымен қатар, сарғалдақтар тұқымдасында жүрек-қан тамырлары ауруларына арналған гликозидтер кездеседі, олар жүрек-қан тамырлары жүйесінің функцияларын жақсарту мақсатында қолданылатын құнды қосылыстар болып табылады. Ranunculaceae тұқымдасының кейбір өсімдіктері майлармен байытылған, бұл майлар көбінесе жартылай сұйықтық күйінде болады. Жібілген, сарғалдақ және маралоты туыстарына жататын өсімдіктердің дәндерінде май мөлшері жоғары. Практикалық қолдану үшін егістік соданасы (*Nigella sativa*), дала соданасы (*Nigella arvensis*), шөмішгүл, сондай-ақ бәрпі, тегеурінгүл және маралоты сияқты өсімдіктердің майлары пайдаланылады. Бұл майлар автокөлік өнеркәсібінде, лак және бояу өндірісінде, тоқыма саласында, тамақ өндірісінде, сондай-ақ медицина мен басқа да салаларда кеңінен қолданылады.

Ranunculaceae тұқымдасының түрлі түсті гүлдері көбінесе декоративті өсімдіктер ретінде бағаланады. Қазақстанның жабайы өсімдіктер флорасынан жарықгүл, желайдар және олардың басқа түрлері, сондай-ақ соданалар секілді өсімдіктер кең таралған. Қазіргі уақытта тұқымдастың көптеген түрлері мәдени егіс ретінде өсіріледі. Декоративті өсімдіктердің бірі ретінде жібілген туысы ерекше назарға ие, бұл туысқа лианатәрізді бұталар кіреді [41].

1.4 *Hepatica* Mill. туысын ботаникалық және молекула-генетикалық тұрғыдан зерттеудің қазіргі жағдайы

Бауыршөп туысы (*Hepatica* Mill.) Ranunculaceae тұқымдасына жататын туыс болып табылады. *Hepatica* Mill. туысын ботаникалық тұрғыдан зерттеу қазіргі уақытта өсімдіктер жүйесі, экологиясы және морфологиясы салаларында маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Бұл туыс, әсіресе, өзінің ерте көктемде гүлдеп, түрлі экологиялық ортада тіршілік етуімен ерекшеленеді. *Hepatica* туысының өкілдері негізінен жұмсақ климаттық аймақтарда, ормандар мен таулы жерлерде өседі және оларда кең таралған морфологиялық өзгерістер мен түрлердің арасында вариациялар бар.

Қазіргі уақытта *Hepatica* туысы өкілдерінің жүйелік орналасуы мен филогенетикалық байланыстарын зерттеу үшін молекулярлық маркерлер мен ДНҚ барcoding әдістері кеңінен қолданылуда. Бұл әдістер туыс өкілдерінің түрлерін дәл ажыратуға, сондай-ақ олардың эволюциялық тарихын, генетикалық алуан түрлілігін зерттеуге мүмкіндік береді.

Hepatica туысының экологиялық аспектілері де маңызды зерттеу тақырыбы болып табылады. Түрлердің өмір сүруі мен таралуы топырақ құрамы, ылғалдылық деңгейі, жарық мөлшері және климаттық жағдайларға тікелей байланысты. Сонымен қатар, осы туыстың көптеген түрлері дәрілік қасиеттерімен белгілі, бұл олардың фармакологиялық әлеуетін зерттеуді маңызды етеді.

Морфологиялық тұрғыдан *Hepatica* туысында жапырақтары, гүлдерінің құрылымы, гүлдеу кезеңі мен гүлшоғырларының ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін. Түрлердің онтогенетикалық дамуы мен өсіп-өну ерекшеліктері туралы зерттеулер де жүргізілуде. Туыс өкілдерінің тіршілік циклдары мен көбею механизмдерін зерттеу олардың экологиялық ролі мен өмір сүру стратегияларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Hepatica nobilis (Ranunculaceae) – бук және емен ормандарындағы әктас топырақтарда кездесетін, тіршілік ету ортасына ерекше талаптары бар көпжылдық орманды шөптесін өсімдік. Даниела авторлармен бірге (2017), Баварияда бұл өсімдікті тек төрт географиялық аймақта табуға болатындығын, атап айтқанда Франкония, Франко-Швабия юрасы, Альпіге дейінгі өткелдер аймағы және Альпіге дейінгі Морена белдеуі екенін көрсетті. Германияның орман шаруашылығында шығу тегі туралы анықтамалар 1987 жылдан бері қолданылып келеді. Сол сияқты, шөптер үшін тұқымның шығу тегі мен өндірістік алаңдары коммерциялық тұқым өсіру мен қалпына келтіруде қолданылады. Бұл зерттеуде олар генетикалық вариацияның *H. nobilis* түрдің Бавариядағы географиялық таралуын немесе тұқым өндіру үшін пайдаланылатын шығу шекараларын көрсететінін талдаған. Авторлар *H. nobilis* 24 популяциясының ішіндегі және арасындағы генетикалық вариацияны зерттеу үшін AFLPs қолданған. Зерттеушілердің талдауы негізінде генетикалық вариацияның жоғары деңгейлерін және популяциялар арасындағы орташа айырмашылықтарды анықтады. Тұқым өндіретін аудандар мен олардың шығу тегі арасындағы айырмашылықтар төмен болды және географиялық аймақтар арасындағы айырмашылықтармен салыстырылды. Популяциялардағы немесе сирек фрагменттердегі генетикалық вариация өндіріс аймақтары, шығу тегі немесе географиялық аймақтар арасында ерекшеленбеді. Генетикалық және географиялық қашықтықтардың айтарлықтай оң байланысы 100 км-де байқалды. Тозаңдану және тұқымның таралуы негізінен *H. nobilis* мирмекохория популяцияларында пайда болады, ал ұзақ қашықтыққа таралу кездейсоқ болып көрінеді. Авторлардың зерттеуі консервацияда қолданылатын тұқым коллекциялары үшін дисперсия белгілерінің өзектілігін растады. Тарихи ескі бук және емен ормандарын қорғауда генетикалық вариацияны сақтау үшін өте маңызды *H. nobilis* болып табылады [48, 49].

Ranunculaceae тұқымдасындағы *Hepatica* туысы дәрілік және бау-бақшада құндылығы бар туыс болып табылады. Кью Тай Парк және СеонЖо Парк (2021) *Hepatica* өсімдігінің тоғыз толық хлоропласт геномын сипаттап, олардың

ұзындығы 159,549-дан 161,081 bp дейін және үлкен төрт жақты құрылымға ие болды: бір көшірмелі аймақ (LSC; 80,270-81,249 bp), кіші бір көшірмелі аймақ (SSC; 17,029-17,838 bp) және инверттелген қайталаудың екі көшірмесі (IR; 31,008-31,100 bp). *Hepatica* хлоропласт геномдарының құрамында 76 ақуызды кодтайтын ген (PCGs), 29 тРНҚ және төрт рРНҚ гені бар.

Салыстырмалы талдау барысында *Hepatica* және оған жақын туыстарда инверсияның бірнеше жағдайлары болды. Таңдау нәтижесінде (dN/dS) *rpl20* және *rpl22* қоспағанда *Hepatica falconeri*, *Hepatica americana* және *Hepatica acutiloba* және көптеген PCGS жоғарыконсервативті болды. Екі ген (*rps16* және *infA*) псевдогендер ретінде бауырдың жеткіліксіздігінде анықталды. Керісінше, *rpl32* гені толығымен жоғалды. Филогенетикалық талдау 76 PCGS негізінде құрылған, *Hepatica* және оған жақын туыстардың филогенезін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде *Anemone* бөлек, *Hepatica* жеке туыс ретінде қарауға болатындығын көрсетті. Одан бөлек, *Hepatica nobilis* var. *japonica* түрі *H. nobilis* түріне жақын түр емес екенін көрсетті [50, 51].

Бозена басқа авторлармен бірге (2018) *Hepatica nobilis* Schreb. эмбрионның дамуы және кептіруге төзімділігін зерттеді. *Hepatica nobilis* тұқымдары терең морфофизиологиялық тыныштық күйінде болады және таралу кезінде дамымаған эмбрионды қамтиды. Зерттеушілердің зерттеудегі мақсаты Польшадағы табиғи вегетациялық кезеңге байланысты *H. nobilis* эмбрионының дамуын зерттеу және тұқымдардың кебу сезімталдығын тексеру болды. Тұқымдар 2011 жылдың 20 мамырында, табиғи таралу кезінде жиналып, бірден себілді. Парафинді кесу әдісін қолданатын авторлардың бақылауларында тұқымның таралуы кезінде эмбриондар сфералық фазада болғанын көрсетті. Егістен кейін бес аптадан кейін олар ерте торпедо сатысына (маусымның ортасы) айналды. Содан кейін, жаз бойы эмбрионның өсуі баяулады және тұқымжарнақ ыстық маусымда эндоспермде өсуін жалғастырды. Қазан айының ортасынан бастап радикалдар өсіп, тұқымнан шыға бастады, бірақ қыстың басталуына дейін толық өніп үлгермеді. *H. nobilis* тұқымдарының өнуі көктемде себілгеннен кейін 43-ші аптада байқалды. Екінші тәжірибеде тұқымның су құрамының өнуге әсерін бағалау үшін тұқымдар 0 (бақылау) мен 9 сағат аралығында ламинарлы ауа ағынында кептірілді. Жаңа тұқымда 62% су болды және 73% өніп шықты. 7,5 және 9 сағат бойы кептірілген тұқымдарда 34-32% су болды және өнбеді. Баруыршөптің тұқымдары дегидратацияға сезімтал және гендік банк сақтау үшін қолайлы өсімдік материалы емес екендігі анықталды [52, 53].

Табиғи тіршілік ету ортасында фенотиптік немесе генетикалық әртүрлілікті сақтау тәсілі эволюциялық биологияның негізгі мәселесі болып табылады. Өсімдіктердегі гүлдердің түсінің полиморфизмі кең таралған полиморфизм болып табылады. *Hepatica nobilis* var. *japonica* Жапон теңізінің (ЖТ) жағында Жапония популяциядағы гүлдердің полиморфизмін көрсетеді (мысалы, ақ, қызғылт және күлгін), ал Тынық мұхиты жағында (ТМ) тек ақ гүлдер байқалады. *H. nobilis* var.

japonica популяциялардағы және олардың арасындағы гүл түсінің полиморфизмі мен генетикалық құрылымы арасындағы байланысты анықтауда, авторлар генетикалық вариацияны қарапайым тізбекті қайталау маркерлерін (SSR) қолдана отырып бағалады. Біріншіден, зерттеушілер әртүрлі гүл түстеріне сәйкес келетін жұмбақ сызықтар *H. nobilis* var. *japonica* гүлдерінің түс полиморфизміне ықпал ететінін зерттеді. Зерттеушілердің далалық бақылауларында гүлдердің түсінің өзгергіштігі жоғары аймақтағы Садо аралындағы популяциялар арасында түс жиілігінде ешқандай ауытқулар байқалмады. Қарапайым тізбекті қайталау (SSR) талдауы генетикалық дисперсияның 18% популяциялар арасындағы айырмашылықтармен түсіндірілгенін көрсетті, ал ешқандай генетикалық вариация гүл түсінің реңімен немесе қарқындылығымен түсіндірілмеді (екі компонент үшін де 0%). Бұл нәтижелер гүлдердің түсінің полиморфизмі гүлдердің түсі әртүрлі жұмбақ тұқымдармен түсіндірілмейтінін көрсетеді. Керісінше, ЖТ және ТМ аймақтарындағы популяциялар генетикалық тұрғыдан ерекшеленді. Осы аймақтардағы өсімдіктердің басқа түрлері сияқты, рефугиялық оқшаулау және одан кейінгі көші-қон тарихы генетикалық құрылымды, сондай-ақ *H. nobilis* var. *japonica* гүлдердің түс полиморфизмінің кеңістіктік гетерогенді үлгілерін анықтаған болуы мүмкін. [54, 55].

Levente Laczkó және Gábor Sramkó (2020) *Hepatica transsilvanica* түрі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. *Hepatica* туысы *Angulosa* бөлімі негізінен бүкіл Еуразияда таралған тетраплоидты ($2n = 28$) түрлерден тұрады. Кариологиялық деректер осы бөлімдегі полиплоидты түрлердің гибридті шығу тегін дәлелдейді. *Hepatica transsilvanica* – осы түрлік топ мүшесінің құрамына кіреді және таралуы бойынша Шығыс Карпаттармен шектелген. Геном мөлшері мен цитотиптеріне сүйене отырып, аталық түр *H. transsilvanica* *Angulosa* бөліміндегі жалғыз диплоидты түр ретінде сипатталған. Аналық түр *H. nobilis*, толығымен жалпақ жапырақтары бар еуропалық түр және кеңірек таралу аймағы болуы керек. *H. transsilvanica* гибридті шығу тегі кариологиялық мәліметтермен жақсы құжатталған, будандастыру уақыты ешқашан зерттелмеген. Ядролық және пластидтік геномдар тізбегін пайдалана отырып, авторлар *H. transsilvanica* және оның ата-аналық түрлерінің филогенетикалық қатынастары мен дивергенция уақыттарын қайта құрды. Ата-аналық түрдің сәйкестігі nrITS және пластидтер тізбегінің сәйкес келмейтін гендік шежіре топологияларымен расталады. Сонымен қатар, ата-аналық түрдегі гендердің екі көшірмесін де төмен көшірмелі MLH1 ядролық генімен анықтауға болады. Байес филогенетикалық әдістерін қолдана отырып, дивергентті кездесулерді талдау *H. transsilvanica* ұзақ мерзімді өмір сүруін сенімді түрде растады. Бұл нәтижелер Оңтүстік-Шығыс Карпаттың төрттік мұздану кезеңдеріндегі биогеографиялық маңыздылығын атап қана қоймайды, сонымен қатар үшінші реттік линиялар Орталық еуропалық криптикалық рефугийде сақталуы мүмкін екенін көрсетеді. [56].

Hepatica falconeri ілмешектерінің, аналықтары және тұқымшаларының пішіндері *Anemone flaccida* қарағанда *H. nobilis* көбірек ұқсайды, бірақ жертаған жапырақтарының пішіні бойынша *A. flaccida* жапырақтарына ұқсайды. *A. flaccida* түрлерінде алдымен жер асты сабақтарында жаңа жапырақтар пайда болады, содан кейін гүлдену басталады. *H. falconeri* алдымен гүлдерді дамытады, содан кейін басқа *Hepatica* түрлері сияқты жаңа жапырақтарды дамытады. Бұл жүргізілген зерттеулерде *H. falconeri* хромосомалық нөмірі $2n = 14$ саны туралы хабарланады. Алынған нәтижелер *H. falconeri* түрі *Anemone* қарағанда *Hepatica* жататындығы айқын көрінеді. [57, 58].

Авторлар (2005) Ағындық цитометрияны қолдана отырып, зерттеушілер *Hepatica* туысындағы барлық белгілі таксондардың ядролық ДНҚ құрамын өлшеді. *Hepatica falconeri* (диплоидты, жапырақтарының тісті бөліктері) құрамындағы ядролық ДНҚ мөлшері диплоидты тұтас түрлерге қарағанда айтарлықтай төмен болды. Тетраплоидты түрлердің ішінде бір түрдің ДНҚ мөлшері бүкіл *H. nobilis* var. таксонына қарағанда төмен пісіп жетілетін болды. Тетраплоидты түрлердің ДНҚ құрамы бірдей жапырақ типтері топтарының арасында диплоидты түрлерге қарағанда екі есе көп болды [59].

Дүние жүзінде кең таралған *Anemone* туысының шығу тегі, филогенетикалық дифференциациясы және жүйелі жіктелуі жылдар бойы талқыланып келеді. Бұл мақалада *Anemone* 11 түрі, *Pulsatilla* үш түрі және *Hepatica nobilis* түрлері *Anemoninae* трибасының кариотипінің эволюциясын зерттеуге ықпал ететін жаңа цитогенетикалық мәліметтер алу үшін кариотиптің егжей-тегжейлі талдауынан өтті. Нәтижелер келесідей филогенетикалық контексте түсіндіріледі, 5S рДНҚ интергендік транскрипцияланбаған аралық (NTS) және 35S рДНҚ ішкі транскрипцияланған аралық (ITS) негізінде орнатылады. Бірден үш аралық локус 35S және бірден үш аралық локус 5S рДНҚ диплоидты және полиплоидты таксондар болды. 35S рДНҚ локустары акроцентрлік хромосомалардың қысқа қолында терминалды түрде орналасқан, ал 5S рДНҚ үшін қолайлы хромосомалық позиция жоқ, өйткені оның терминалды, субтерминалды, интерстициальды немесе перицентромерлі позициясы бар және акроцентрлік немесе метацентрлік хромосомаларда орналасқан. *A. baldensis* гексаплоид кариотипі ($2n = 6x = 48$) алғаш рет ұсынылған және *A. sylvestris* оның болжамды ата-аналық түрлерінің бірі ретінде ұсынылады. Біріктіру хромосом транслокация хромосомалардың негізгі санын *Anemone* субгенусындағы 8-ден *Anemonidium* субгенусындағы 7-ге дейін төмендетуге қатысатын негізгі механизм ретінде ұсынылған. Алынған цитогенетикалық деректер негізінен ITS және NTS филогенезімен расталады. [60, 61].

Hepatica nobilis Schreb. var. *japonica* Nakai (Ranunculaceae) бұл жапон архипелагында кездесетін көпжылдық шөптесін өсімдік. Бұл өсімдік популяциядағы флораның күлтежапырақшаларының полиморфизмдерімен сипатталады (мысалы, ақ, қызғылт және күлгін). Әдетте, гүлдердің әртүрлі түстері

тозаңдандырғыштардың әртүрлі жолдарымен таралады және популяциядағы гүл түсінің полиморфизмі тозаңдандырғыштардың дифференциациясымен байланысты болуы мүмкін, бұл әртүрлі гүл түстері бар дарактардың арасындағы генетикалық дифференциацияға алып келеді. Басқаша айтқанда, гүлдің әртүрлі түстерінің дарактары гүлдің әртүрлі түстері арасында тозаңданудың болмауына байланысты тиісті генетикалық топтар құрар еді. Микросателлиттік маркерлер әртүрлі гүлдер арасында ген ағынын, генетикалық вариацияны (мысалы, AMOVA) және генетикалық құрылымды (мысалы, құрылымдық талдау) талдау арқылы гипотезаны тексерудің құнды құралы бола алады. Takayama et al. (2011) [62] *H. nobilis* var. *japonica* 24 микросателлиттік локус туралы хабарлады, дегенмен, бұл локустардың жартысынан көбі зерттеушілердің үлгілерде басымдылық көрсеткен жоқ. Мұнда зерттеушілер генетикалық әртүрлілікті, генетикалық құрылымды және ген ағынын зерттеу үшін жаңа микросателлиттік маркерлерді әзірлеуге тырысты. [63].

1.5 *Hepatica* Mill. туысының систематикалық және таксономиялық жағдайы

Бауыршөп (*Hepatica* Mill.) туысы Magnolidae жабықтұқымды өсімдіктердің ең көне қатарынан, класстармағы Ranunculidae ішінен кең таралған Ranunculaceae тұқымдасына жатады [64]. Ranunculaceae тұқымдасының географиясын талдаған зерттеушілердің мәліметтері бойынша [65, 66], ол жалпы эндемизмнің жоғары деңгейімен сипатталады – туыстың 32%-ы осы флоралық аймақта А.Л. Тахтаджянның (1987) түсіндірмесінде ғана кездеседі. Түрлердің эндемизм деңгейі одан да жоғары – шамамен 50%, эндемдердің максималды саны ең үлкен туыстарда шоғырланған (*Aconitum*, *Delphinium*, *Aquilegia*, *Ranunculus* және т. б.) [64].

Шетелдік ғалымдар дәл осы туыстардың филогениясы мен шығу тегі бойынша егжей-тегжейлі зерттеді [67]. Әр түрлі жетілдірілген зерттеу әдістерін қолданудың арқасында тұқымдастың ежелгі шығу тегі мен оның егжей-тегжейлі таксономиялық және филогенетикалық құрылымын растау мүмкін болмады, сонымен қатар жеке тұқымдастан туыстарды бөлу, мысалы Раеониасеае, сонымен қатар басқа тұқымдасты басқа туыспен біріктіру, мысалы, Berberidaceae бұрын ойластырылғаннан гөрі жақын екенін дәлелдеді [68, 69]. Бұл тексерудің нәтижелерін басқа авторлар растайды және А.Л. Тахтаджянның (1987) отандық және ресейлік ботаниктер қабылдаған жүйесінде көрініс тапты [64].

Hepatica туысы кішігірім туыстар тобына жатады, оның құрамында 10-ға жуық түрі бар. Олардың ауқымы Еуразия мен Солтүстік Американың 4 флоралық аймағын қамтиды. Туысты Евразиялық-Солтүстік американдық дизъюнкт деп санауға болады. Ерте кезеңнің орман қоңыржай флорасының религі ретінде қарастырылады [66, 70, 71, 72].

Туыстың барлық өкілдерінің ішінде асыл бауыршөбі (*Hepatica nobilis* Gars.) кең таралған, ол Батыс Еуропаның, Балтық жағалауы елдерінің, Украинаның және Еуропалық Ресейдің солтүстігінің алты аймағының жапырақты ормандарында өседі [73, 74, 75, 76]. С.В. Юзепчук бұрын Қиыр Шығыс аймағын қамтыған бұл полиморфты түрді толық зерттеу барысында, одан толықтай таксондарды Приморья мен Жапониядан *Hepatica asiatica* Nakai, *H. yamatutai*, сонымен қатар Кореядан *H. maxima* Nakai бөліп алуға мүмкіндік берді [77, 78, 79].

Негізгі түр *Hepatica nobilis* 1753 жылы К. Линней ресми түрде *Anemone hepatica* L. деп сипаттаған және Еуропада кеңінен таралуына, сондай-ақ жоғары декоративті болуына байланысты (егін өсірілген шамамен 500 жыл бойы) толық зерттелген [80].

Біздің түр *Hepatica falconeri* 1952 жылы Кашмирде сипатталған және бұрынғыдай бастапқыда *Anemone* туысына жатқызылған [81]. Алайда, кейіннен С.В. Юзепчук осы жақын туыстарды «Флора СССР» (1937) жинақтамасын өңдеген кезде оны жаңа комбинация ретінде сипаттап *Hepatica* туысына ауыстырды [82]. Бұл пікірді кейінірек екі жақын туыстың ұрық тозаңын, кариотиптерін және морфологиясын зерттеген кеңестік және шетелдік таксономистер қабылдады [83-86].

Қазіргі тұжырымдамаларға сәйкес, А.Л. Тахтаджян (1987) жүйесі бойынша жабықтұқымды өсімдіктердің таксономиялық құрылымындағы зерттелетін түрдің орны келесідей (кесте 1):

Кесте 1 – *Hepatica falconeri* өсімдігінің таксономиялық құрылымы

Түр	<i>Hepatica falconeri</i> (Thoms.) Steward. (синоним <i>Anemone falconeri</i> Thoms.)
Туыс	<i>Hepatica</i>
Триба	Anemoneae
Тұқымдас тармағы	Anemonoideae
Тұқымдас	Ranunculaceae
Рет тармағы	Ranunculineae
Реті	Ranunculales
Класс тармағы	Ranunculidae
Класс	Magnoliopsidae (Dicotyledones)
Бөлімі	Magnoliophyte (Angiospermae)

1.6 *Hepatica falconeri* таралу аймағы және оның Қазақстанда таралуы

Ареал типі бойынша *H. falconeri* жоңғар-гималай маңы болып саналады [87, 88], ол Тянь-Шаньнан Гималайға дейін – Иран, Кашмир, Үндістан, Пәкістан және Батыс Қытай аумағында кездеседі [8, 89-92]. Бұл түрдің солтүстік шекарасы Қазақстаннан өтеді. Көршілес Қырғызстан аумағында, Алай жотасын (Арчаты


асуының нүктесін С.В. Юзепчук көрсеткен, 1937) және Батыс Тянь-Шаньды қоса алғанда, Приферганск ауданында белгілі, мұнда оны алғаш рет Р.А. Карписонова тапқан [93]. Ыстықкөл қазаншұңқырында барлық белгілі нүктелер Оңтүстік беткейіне, Күнгей Алатау – Чон-Ақсу шатқалына жатады [94].

Бұл түр Қазақстанда бастапқыда тек Іле Алатауы (Тобылға-Су) үшін ғана көрсетілген, одан Э.Регель 1884 жылы ерекше түр *H. falconeri* – *B. semenovii* Regel сипаттаған [95]. Оның таралуы кейінірек басқа дереккөздерде екі жотадан көрсетілген – Жоңғар және Іле [87], Жоңғар және Күнгей [96], Іле және Кетмен [9]. Өкінішке орай, бұл сирек кездесетін түрдің жекелеген жоталардың нақты нүктелерінде болуы туралы мәліметтер соңғы басылымдарда ғана пайда болды: Жоңғар Алатауы бойынша – Қоғалы шатқалы [97], Кетмен жотасы бойынша – Хасансай шатқалы, Көлжат ауылының маңында [98]. Іле Алатауында *Hepatica falconeri* таралуына байланысты жағдай неғұрлым түсініксіз, өйткені «Флора СССР» мен «Флора Казахстана» келтірілген Э.Регельдің жоғарыда аталған нұсқауынан басқа дәлелдер жоқ [8, 95]. И.И. Кокоревамен (2007) көрсетілген өсімдік үлгісінің фотосуреті басқа өсімдікке қатысты, бұл *Trollius dshungarica* розеткасы сияқты [99]. И.О. Байтулин соавт. Бірге (2017) М.Г. Поповтың жұмысына сілтеме жасай отырып, тек бір ғана нүктені – Күнгей Алатауы, Талды шатқалын келтіреді [100, 101]. Ботаника және интродукция институтының коллекцияларында *Hepatica falconeri* гербарий жинақтары бар, олар тек екі жотадан көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2 – *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. гербарий жинақтары

Жота	Жиналу орны	Күні	Коллектор
Кетмен	Қырғызсай шатқалы, 5 км Подгорное ауылынан, оңтүстік-шығыс	08.06.1970	Степанова Е.Ф.
	Тегермен шатқалы	17.06.1958	Годвидский М.И.
	Б. Мұраб шатқалы, жартастардың астында	05.07.1964	Ролдугин И.И., Фисюн В. В.
Күнгей Алатау	Талдысу перевалы, оңтүстік жартас, жартастар	01.07.1937	Голоскоков В.П.
	Орта Меркеден Қырғызстанға қарай	02.07.1937	Горбунова Е.П.

Осылайша, *Hepatica falconeri* ең кең және дерлік толығымен Кетмен жотасында таралған (сурет 1).



Сурет 1 – Қазақстанда және Талды өзенінің бойында («Көлсай көлдері» МҰТП аумағы) *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. таралуы

Күнгей Алатауда екі далалық маусымда арнайы іздестіру нәтижесінде біз Талды өзенінің алқабында ғана зерттелетін түрдің тек бірнеше оқшауланған ценопопуляцияларын таба алдық. С.К. Мухтубаева (2017) көрсеткен Саты мен Күрметі шатқалдарында біз әлі анықтай алмадық [102]. Бұл түр жергілікті жерде, жекелеген шағын популяцияларда өсетіндіктен, келесі жылдарға жалғасатын қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Бұл түр жергілікті жерде, жекелеген шағын популяцияларда өсетіндіктен, біз келесі жылдары жалғастыратын қосымша зерттеулер қажет. *H. falconeri* өсуінің тағы бір нүктесі арнайы нақтылауды қажет етеді – бұл Тарбағатай жотасы, оны Чехословакиялық ботаниктер монографиясында келтіреді [103]. Алайда, гербарийде де, басқа әдеби көздерде де біз бұл фактіні растай алмадық.

1.7 *Hepatica falconeri* экологиялық-фитоценоздық ерекшеліктері

Hepatica falconeri қоршаған орта жағдайларының сипаттамаларының ең көп таралған тұжырымы – бұл субальпілік белдеудің жартасты беткейлері мен жартастары. А.П. Гамаюнованың «Флора Казахстана» (1961) еңбегіндегі бұл нұсқауы көптеген басқа әдеби дереккөздерде қайталанады [9, 96, 104]. Өйткені, авторлардың көбі бұл сирек түр бойынша тек гербарийлерден ғана білді. Өкінішке орай, бұл ақпарат зерттелетін түрдің жекелеген мекендейтін жерлеріне ғана қатысты және оның экологиялық байланысы мен биіктік белдеуінің таралу ерекшеліктерін толық көрсетпейді. Жоңғар Алатауында *Hepatica falconeri* орта

таулардың жартастары мен жар-тасты беткейлерінде өсетіндігі бойынша В.П. Голоскоков [87], ал ценотикалық қабілеттілік бойынша И.И. Ролдугин бірінші болып зерттеді [88]. Көптеген жылдар бойы Солтүстік Тянь-Шань шыршасының ормандарын зерттеген бұл автор, біздің ойымызша, *Hepatica falconeri* экологиялық сипаттамасын «петромезофитон» экоморф тобына, ал экологиялық-ценотикалық топты орман тобына келтіреді. Кейінірек, *Hepatica falconeri* биіктігі мен экологиялық үйлесімділігі 1800-2800 м биіктіктегі ормандарда кездесетіні Пәкістан аумағы үшін де расталды [92].

«Көлсай көлдері» МҰТП аумағында осы сирек кездесетін түрдің ең төменгі таулы және ең көп популяциясы орналасқан – Талды өзенінің аңғарының төменгі бөлігінде 1692 м биіктікте; оны алғаш рет ботаника институты мен «Көлсай көлдері» МҰТП мамандары көрсеткен [105]. Мұнда біз 2018 жылы осы түрді толығымен зерттеу үшін мониторинг алаңын салдық.

Hepatica falconeri экологиялық қабілеттілігі бойынша бүгінгі таңда қол жетімді барлық материалдарды талдағаннан кейін, бұл түр шырша белдеуінің төменгі бөлігінен (1690 м) субальпілік белдеудің жоғарғы бөлігіне дейін (Талды мен Мерке асуларынан В.П. Голоскоков пен Е. Горбунованың гербарий үлгілері) таралғанын атап өткен жөн. Ол әртүрлі тік және экспозициялық жартастарда, шығыс және солтүстік-шығыста, солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыста сирек кездеседі (Голоскоков, гербарий). Субстратта ол жартастарды (6 нүкте) және жартасты беткейлерінде (2 нүкте) және шыршалардың астында өсуі кездеседі.

2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕР

2.1 Зерттеу нысаны мен аймағы

Зерттеу нысаны – *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward биіктігі 20 см-ге жететін көпжылдық шөптесін өсімдік (сурет 2). Сабақ түбіндегі жапырақтар ұзынсағақты, жапырақ тақтасы жүрекшелі бүйрек-тәрізді, үш-салалы. Гүлдері ақ түсті, диаметрі 1-2 см; жемісшелері ұзынша келген, нәзік түкті. Тұқымы арқылы көбейеді, сәуір-маусым айларында гүлдеп, маусым-шілдеде жеміс береді. [9].




Жаппай гүлдеу
кезеңі



Жеміс беру кезеңі

Сурет 2 – *Hepatica falconeri* өсімдігінің гүлдеу және жеміс беру кезеңдері



Сурет 3 – *Hepatica falconeri* Қазақстанда таралуы

Генофондты сақтау үшін таксонның маңызы: Қазақстанның флорасындағы туыстың жалғыз өкілі, өте сирек кездесетін түр. Қызыл кітапқа сәйкес статусы: II категориялы.

Таралуы. Күнгей Алатауы (сурет 3).

Субальпілік белдеудің жартасты, қиыршықты-ұсақ топырақты беткейлердегі әртүрлі-шөпті-бұталы өсімдік жабынында өседі [9].

2.2 Зерттеу аймағы – Күнгей Алатауындағы «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің физико-географиялық жағдайы

2.2.1 Жер бедері

Күнгей Алатау тау жотасы шығыстағы Санташ асуынан Шу өзенінің батысына дейінгі жерді алып жатыр. Негізгі морфологиясы Тянь-Шань тау жотасына ұқсас келеді. Құрылымының негізгі заңдылығы оның қабаттылығында. (Рыбин 1952). Орташа биіктігі 3000-4000м айналасында. Күнгей Алатау тік баурайлы бедер, қатпарлы мұздық, тау жоталарының баурайлары көптеген терең шатқалдарға бөлінген. Тау етегінде тау бөктерінің жотасы, бірден орта таулық және биік таулық бедерге көшеді.

Теңіз деңгейімен есептегенде биік таулар 2088 метрден жоғары тараған ал, жекелеген учаскелері 2500м дейін барады. Альпалық бедер мен тегістелген биік тауларда айырмашылықтар бар. Бірінші түрі–тегістелген биік тау-кеңінен таралған, белдеулер мен мұз айдындары жатқан таулық беттерінің дамуымен сипатталады, ал олардың төменгі жақтауларынан жартастар мен құздар көтеріледі. Биік таулы бедердің екінші түрі –альпалық таралуы шектеулі. Альпалық бедердің бөлінуі, тік құзды болуы, су айырылыстарының болуы табиғи жағдай. Баурайлар мен алқаптарда, әсіресе солтүстік баурайларда карлар мен цирктер кеңінен дамыған. Орта таулар абсолютті биіктіктің ең төменгі сатысында дамыған, 1400м-ден 2700-2800м дейін барады.

Солтүстік Тянь-Шань – сейсмологиялық белсенді аймақ. Жиірек болған жер асты дүмпүлері энергиялық процестерді шақырады. Солтүстік орманды баурайларды далалық ұсақ материалдар жауып жатыр, бұл бір жағынан олардың жойылып кетуінен сақтайды. Бұл жерде де көшкіндер, көшкін конустары байқалып отырады (Жандаев 1952). Тік баурайларда, әсіресе биік тауларда тастақты материалдардың бөліктері шөгінді ретінде жиналған, аталатын учаскелерде эллювиальды-деллювиальды қабаттарымен, төменгі баурайлар болса өте ұсақ күшті қабатпен жабылған.

Аумақтағы қатаң климаттық пен жиі тектоникалық қозғалыстарының болуынан аңғарлардың құрылымы күрделі. Бас жақтарында қысыңқы сопақ, төменірек терең шатқалдарымен созылған және шығар конус аймақтарында кеңиді. Жалпы ерекшелігі – арна бейнелі бөлінулер және ауқымды бөліктер. Шелек өзенінің аңғары бірнеше террасса түрінде жақсы бөлінген, сонымен қатар бөктерлер мен тізбектер түріндегі морендік қабаттар түзілген [106].

2.2.2 Климаты

Таулы аймақтың ауа-райы биіктіктік белдеуіне бағынады. Ауа-райы жағдайының сан алуан болуы бедерлердің ыдырамалылығына, мұздықтардың бар болуына, тау баурайларының тіктігіне негізделген.

Жылдық орташа, айлықтық және тәуліктік ауаның температурасы абсолютті биіктіктің жоғарлауына байланысты өзгереді. Күнге Алатау тау етегінің жылдық ауа температурасы $+8 - 90$ құрайды, ал, 2500м биіктіктегісі $+10$ аясында. Тау іші жабық ойпаңдарда (шұңқырларда) қыста ауа тұйықталады да, салқындайды, былайша айтқанда температуралық алмасулар болады: бұл жерде температура биіктікке қарағанда әлдеқайда төмен.

Биіктігіне қарай жауын – шашын көбейеді, бірақ, белгілі деңгейге дейін. 3300-3500м –ден жоғары олардың мөлшері азаяды. Жауын – шашынның белгілі мөлшері 1500-1700м биіктіктегі таудың орталық бөлігіне түседі. Тау сілемдерінде орналасқан аңғарларға және шұңқырларға жауын – шашын әдеттегіден аз түседі, жылына 300-400мм. Тауларда жауын – шашын негізі сәуірде, мамырда, маусымда, қар қаңтарда – желтоқсанда түседі. Қардың тұрақтылығының ұзақтығы биіктікке байланысты өседі: төмен таулы аймақта – 130-150 күн, орташа таулы аймақта – 160-180 күн, биік таулы аймақта – 200 күннен аса.

Тауларда көшкін кеңінен сипатталады. Күнге Алатау тау жотасының солтүстік баурайларында барынша көп қар көшкіні аймағы ретінде Саты, Көлсай, Құдырғы сайы аймақтарында айрықшаланады.

Шыршалы орманның белдеуі тігінен әр текті болғандықтан, ерекшеліктерімен ерекшеленеді. (қайта жаңаруынан, орманды қалпына келтіру ауыстырылымдары, жекелеген топтардың және түрлерінің басым болуымен). Сондықтан да, Тянь-Шань тау жоталарының солтүстік жақтауларында үш биіктік – био климаттық жолақтарда ыңғайластырылған (Ралдугин, 1973г).

Аумақтың климаттық жағдайы, әсіресе Күнге Алатаудың орташа таулық аймағы, өзінің таза ауасымен, жел және қатты ыстықтың жоқтығымен туризмге ең қолайлы мекен. Орташа тәуліктік ауа температурасының ұзақтығы 269 күнге $+14^{\circ}\text{C}$ тең. Жылдың ауыспалы мезгілінде ауа райының жауын-шашынды біркелкі ылғалдылығымен ашық күндер басым.

Ұлттық парк аумағы Солтүстік Тянь–Шань таулы аймақтың Күнге Алатау климаттық ауданына жатады. Метеорологиялық станцияларының болмауынан, парк аумағы бойынша климаттық болжаулар Алматы облысы Райымбек ауданы Жалаңаш метеорологиялық станциясы мен Саты сейсмологиялық станция деректері пайдаланылды. Негізгі климат түзуші ауа циркуляциялық процестерінің солтүстік – батыстық және солтүстіктен-шығыстық, шығыстық–батыстық немесе батыстық периферия антициклоны. Сондай –ақ Қырғыз республикасының Күнге Алатау баурайында орналасқан Ыстық көлдің де әсері әр түрлі циркуляциялық жағдайлар жауын – шашын жағдайында алуан түрлілік туғызады. Жауын- шашын мөлшерінің көптеп түсуі көктемгі – жазғы (мамыр - шілде) айларына сәйкес

келеді, яғни бұталы – ағаш тұқымдастарының өсу мерзімімен тұспа – тұс келеді. Осы кезеңде жылдық жауын – шашын мөлшерінің 65% жауады.

Таулы аумақтың климаттық ерекшеліктері тік белдеуге (биіктік аймағына) бағынады. Беткейдегі әр түрлі бедерлер, аңғарлар, баурайлардың ерекше тіктігі бірыңғай жылылық болмауына себепкер болады. Климат үшін ең маңызды фактор – батыстан және солтүстіктен ылғалдылықтың көпшілігін алып келетін желдің тау баурайларына қарай бағыты. Ұлттық парк аумағы орналасқан Күнгей Алатау тау жотасының солтүстік баурайлары ауқымды созылған.

Жауын – шашынның жағдайы, көлемділігі, ауаның ылғалдылығы мен температурасы, желдің бағыты мен жылдамдығы биіктігі мен жер бедерінің пішініне негізделген. Орта таулы белдеу біркелкі климатымен сипатталады, ал биік таулы аймақтың климаттық жағдайы өте қатал.

Қыс. Ауа райын бақылау кезеңіндегі, батыс сілемдері сібірлік антициклондық жағдайларда суық, ашық және ылғалды ауа – райы басым.

Көктем. Тұрақсыз созылмалы ауа райымен сипатталады. Бұл кезеңде арктикалық ауа массасының салдарынан үлкен көлемі қар аралас жауын–шашынның едәуір көлемі түседі.

Жаз алғашқы айы жауынды, одан кейін ашық ауа райымен, жоғарғы температурамен сипатталады. Бұл Орта Азиялық континентальдық тропикалық ауа салдарынан ауа райының суытуы, жауын–шашынды болуы солтүстік ауа массасына байланысты болады.

Күз. Қыркүйек ашық, қазан және қараша айларында жауын шашынның басым болуымен сипатталады. Таулардағы радиациялық жағдай тау баурайларының тіктілігі мен бағытына байланысты күрт өзгереді. (Справочник по климату СССР, 1967; Шалатова, 1956) Ашық аспанда тәуліктік радиация қыста және жазда 100-135-150 ккал/см² дейін барады, таулық аймақта жылына 125-130 ккал/см² дейін азаяды. Айлық бойынша есептегенде тура және жиынтық радиациясы маусымына 10-11 және 16-17 ккал/см².

Тауларда қыста жиынтық және тура радиацияның келуі көп, ал жылдың жылы мезгілінде, жазық далаға қарағанда аз ал, керісінше шашыраңқы радиация наурыздан маусымға дейінгі айларда таулы аймақта көп. Радиацияның жылдық жиынтығы 45-55 ккал/см². Пайдалы радиациялық баланстың ұзақтылығы 10-11 айға тең. Пайдасыз радиациялық байланыс желтоқсанда – қаңтарда көрініс табады, әдетте 1,0-1,5 ккал/см² аспайды. Температуралық алмасудың салдарынан 1300-1500м биіктіктегі ауа температурасы тау етегі бөліктерінде, биік таулы жазықтықтарға қарағанда біршама жоғары. Тау бөктерлерінде температуралық жағдай әр түрлі.

Казселқорғаудың мәліметтеріне қарағанда ауа температурасының орташа жылдық көрсеткіші 0-30. Ең суық айлар қаңтар, ақпан, орташа көпжылдық температурасы -180. Қыстағы ең төмен температура – 390 жетеді. Ең жылы ай –

шілде айы, көпжылдық орташа айлық температурасы +150. Шілде айының температурасы +350.

Жылы кезең ауа температурасының тұрақты +50 өткен кезде басталады. Орташа тәуліктік ауа температурасы +50 –тан көктемде тау етегінде -15 наурызда, күзде-50 қарашада басталады. 3470 – 3750м биіктіктегі ауа температурасының 50 – тан өтуі әр түрлі мерзімде: көктемде -1-ден 25 мамырға дейін, күзде -12 қыркүйектен 16 қарашаға дейін.

Жазықтық аумақта бірінші қардың түсуі қазанда байқалады, тау етегінде - қарашаның аяғында, биік таулы аймақта – қыркүйектің басында. Күнгеі Алатау биік таулы бөлігінде тұрақты қардың түсуі қазанның ортасында байқалады. Көпжылдық мәліметтерге қарағанда қардың жатуының ұзақтығы 140-180 күнді құрайды. Тауларда, жазықтарда қардың тығыздығы 0.20-дан 0.30 г/см² аясында болады, бірақ, жоғарғы биіктіктерде 0.40 –қа жетеді. Қар жамылғысындағы судың қоры 100-200 мм, биік таулы тау жоталарында - 500-600мм. Күнгеі Алатаудың солтүстік баурайларында қардың түсуінің аяқталуы наурыздың аяғында, сәуір айында. Тауда 1500-2500м биіктікте қардың түсуі маусым мен мамыр айларына дейін жалғасады.

Ауаның ылғалдылығы циркуляциялық процестердің, әр түрлі ауа массаларының алмасуына, ауа температурасымен әрбір түскен жауын-шашынның мөлшеріне негізделген. Ауаның орташа жылдық абсолютті ылғалдылығы жазықтарда 5-тен 5,5 мб дейін азаяды, тау етектерінде 7,3 мб, ал, тауларда биіктіктің жоғарлауына байланысты орташа 6-дан 3,5мб дейін азаяды.

Таулы жағдайда парк аумағында желдің бағыты мен күші қыраттардың бағыттарына, шатқалдар мен тау аңғарларына тікелей байланысты болып келеді. Жылдамдығы 10 м/сек және одан жоғары болатын қатты желдер де болып тұрады. Жазғы кезеңде жылдамдығы 2-4 м/сек болатын желдер солтүстік пен солтүстік – батыстан соқса, ал қыс мезгілінде жылдамдығы 3 – 5 м/сек болатын желдер оңтүстік және оңтүстік – шығыстан соғатын желдері басым болып келеді. Н.Ф. Гельмгольцемнің (1963ж) зерттеулері тау – аңғарлық циркуляциялар (сәуір – қараша) кезеңіндегі таулы желдер 20 км жететін жолақтың басым бөлігін айналып өтетінін көрсетті. Тау желдерінің жылдамдығы аңғарларға қарағанда жоғары. Олардың ауысымдары кішкене уақытқа тынышталып барып, өзгереді. Тау етегі жолақтарында жылдамдығының көпшілігі мамыр мен маусымда ерекшеленеді – (2.7 м/сек), ең аз мөлшері- желтоқсанда (1.3 м/сек) көрініс табады. Бұл жердегі желдің орташа жылдық жылдамдығы 2 м/сек тең. 1500-1600м биіктіктегі таудың орталық бөлігінде желдің көп бөлігі үдемелі тау – аңғарлы циркуляциясы – 3м/сек айналасында тамыз айында байқалады. Желдің тұрақты жылдамдығы биік таулы – гляциалды аймақта. Қарастырылып отырған аймақтың барлық аңғарлар бағыты оңтүстіктен солтүстікке қарай болғандықтан тау – аңғарлы циркуляциясының да бағыты сондай. Жылдың жылы мезгілінде тәуліктік жел батыстан шығысқа

керісінше Шелек аңғарын бойлап соғады. Желдің ең жоғарғы жылдамдығы желтоқсан және наурыз айларында байқалады [106].

2.2.3 Топырағы

«Қазақ орман шаруашылығын жобалау – іздестіру институты» ЖШС 2020 ж мәліметі бойынша.

Тексерілген аумақтардың рельефі әртүрлі күрделі және тіктілігі 10-нан 35-ке дейінгі әр түрлі экспозициялардың баурайларымен ұсынылған. Далалық топырақты зерттеу нәтижесінде 5 топырақтың түрлері таңдап алынған, олар: орманға жарамдылығының 2 тобына бөлінген және топырақтардың төрт түрі таңдап алынды: таулы қара топырақты, қара қоңыр, таулы-шалғынды және жайылма шалғынды топырақ.

Таулы қара топырақ таулы-орманды дала аймағының төменгі бөлігіне және солтүстік, солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс экспозицияларының дінді – әртүрлі шөптесін беткейлерінде таралған. Бұл топырақтар қара топырақтың типіне тән айқын морфологиялық белгілерге ие.

Қарашірік қабаты (А) қара-сұр реңді, ұсақ түйіршікті құрылымы бар. (В) қабаты қою сұр түсті, құрылымы түйіршікті; өтпелі қабат (В) құрылымы ірі түйіршікті, бірінші өтпеліге қарағанда едәуір аз қарқынды боялған.

Қара түсті топырақтардың тау қара топырағының морфологиялық сипаттамасы – бұл топырақтарда күлгінденген белгілері әлсіз екендігін көрсетеді. Топырақ бетінде орман төсенішінің маңызды қабаты жатыр. Оның астында қоңыр түсті, құрылымдық қарашірік қабаты бар. Қарашірік қабатының қуаты 37-38 см-ден бастап ауытқиды. Жоғарғы қабаттағы қарашіріктің болуы қалыптаспаған өсімдік қалдықтары есебінен өте үлкен, ал төменге қарай күрт азаяды. Таудың жоғарғы бөлігінде тік беткейлерде, 45-50см тереңдікте ұсақталған делювиалды үйінді басталады.

Зертханалық талдау деректері бойынша топырақ түзетін және төсеніш жыныстары орташа көмірлі фракциялардан тұрады. Топырақ тұзданбаған, тұздардың жиынтығы 0,014-0,1%-дан кем, жоғарғы қабаттағы қарашіріктің жоғары құрамымен 10,67-19,42% сипатталады. РН анықтамасы жоғарғы қабаттағы бейтарап реакциясын және олардың 30-60 см – 6,35 тереңдікте әлсіз қышқылдануын байқайды. 76-120 см тереңдікте терең карбонатты қабаттарда РН қайта 8,93%-ға дейін ұлғаяды. Таулы-орманды топырақтардың жалпы химиялық құрамы барлық топырақтың күлгінденгенінің айқын белгілері жоқ екенін көрсетеді, бірақ кейбіреулерінде ол жақсы көрінеді. Бұл топырақ Көлсай орман шаруашылығының аумағында кең таралған.

Қарабұлақ орман шаруашылығы аумағында таулы-шалғынды топырағы таңдап алынған және олар сайларда, шабындықтарда әрдайым қар мен мұздың еруіне байланысты қатты ылғалдылықпен сипатталады. Орманшылық аумағында тау қара топырақтары мен қара топырақтардың ауданы аз.

Қарашірік құрамы бойынша күлгінденген қара топырақтар көп қарашірікті болып келеді (9-14%). Карбонаттардың бөлінуі және булануы барлық топырақтардың кескінінің соңына дейін байқалмайды. Таудың қара топырағы гумин қышқылдарының жоғары жиналуымен ерекшеленеді (31-42%). Суға төзімді агрегаттардың жиынтығы (36-89%) тау қара топырақтарының жоғары құнарлығын көрсетеді.

Қарашіріктің бейім бойынша бөлінуі төмен жатқан топырақтың қабатына қарай ақырындап азаятындығын көрсетеді. Топырақ жалпы азотқа (0,20-0,40%) және жалпыфосфорға (0,10-0,13%) бай. Құрамында 25-36% гумин қышқылдары, 19-39% фульвоқышқылы бар.

С гумин қышқылдарының С фульвоқышқылына қатынасы 1-1, 65-ке тең. Бұл топырақ қара топырақты типке жатса да, құнарлылығы бойынша күңгірт-күрең топырақтардан аз ерекшеленеді. Қарашірікті қабаттағы аз қарашірікті топырақтардың суға төзімді агрегаттардың жиынтығы 60-85% жетеді, бұл олардың күлгінденген топырақтармен салыстырғанда құнарлылығының аздығын көрсетеді.

Күнге Алатауда қара-қоңыр топырақтар өте кең таралған. Сипатталатын топырақ таулы далалы аймағының орташа белдеуінде орналасқан. Келесі морфологиялық ерекшеліктермен сипатталады. Тектік қабаттарға анық сараланған толық дамыған топырақ бейімі ие.

Қарашірік қабаты (А) қоңыр-қою сұр, яғни, қызғылт қоңыр түсті, құрылымы түйіршікті, қуаты 25-45 см. Ауыспалы қабат (В) сұр-қоңыр түсті, құрылымы кесектелген, қуаты 20-30 см. Иллювиально-карбонатты (ӘК) қоңыр, жылтыр карбонатты дақтармен, құрылымы кесектелген, тұрақты емес қуатпен, әрдайым 35-75 см тереңдікке ыңғайландырылған А+В 50-75 см шегінде ауытқиды. Әдетте топырақ бетінен және түбіне дейін қайнайды, бірақ кейде топырақ 6-15 см дейін қайнамай қалады. Теңіз деңгейінен 1000 м-ден 1400 м-ге дейін абсолюттік биіктікті ала отырып, ашық-қоңыр карбонатты топырақтар қара қоңыр топырақтың астында жайғастырылады. Рельеф кей жерлерінде өзен және жыралардың уақытша арналарымен кесілген көлбеу тау тасты жазығы ретінде сипатталады.

Мұнда топырақ түзуші жыныстар болып үстіңгі жағынан аз қабатпен (30-дан 80 см-ге дейін) жабылған орман тәрізді шөгінді (шаң-құм) қой тасты-малта тасты қалдықтар қызмет атқарады.

Бұл топырақтардың кескінінің мөлшерінде айтарлықтай ұсақталған тастар бар. Бетегенің, ебелектің, жалбыздың қатысуымен ашық қоңыр карбонатты топырақтарда өсетін кәдімгі жусанды және жусанды-изенді өсімдіктер.

Олардың жалпы жобалық жабыны 70-80% құрайды.

Жер асты сулары терең жатыр және олар топырақ жасау процесіне ешқандай әсер етпейді.

Тау-далалы аз дамыған топырақтар көбіне қалың емес дала өсімдіктерінің жабынының астында қалыптасады.

Шөпті өсімдіктер жусанды- бозды-бетеге ассоциациясымен ұсынылған. Қалың шым құрайтын және ыдырауы кезінде 7% қарашірік құрайтын бұл топырақтарда шалғындық-дала өсімдіктері жиі кездеседі.

Тау-далалы аз дамыған топырақтары - қара қоңыр, кейде мүлдем қара-сұр, ұнтақ-кесектелген құрамды қарашірікті қабатқа(A) ие, қуаттылығы 10-15см, одан кейін бірнеше жеңіл түсті (әдетте қара қоңыр), жаңғақ-кесектелген өтпелі горизонт (B) қуаттылығы 25-35 см, кейде кенеттен қиыршық тас төсейтін жынысқа өтеді.

Қарашірік қабатының қуаты (A+B) 35-60 см шегінде ауытқиды. Көп жағдайларда бұл топырақтардың HCL-ден үстіңгі қабаты қайнамайды, және иллювиалды-карбонаттық қабатты таба алмайды .

Бейіні жиі қиыршықталған. Зертханалық талдау деректері бойынша топырақ түзетін және төсеніш жыныстары ауыр көмірлі фракциялармен ұсынылған. Топырақ сортаң емес, тұздалмаған, тұздардың жиынтығы 0,1 %-дан кем.

Алқапты-шалғынды топырақтар Шілік, Талды, Саты өзендерінің алқаптарында иллювиальды шөгінділерінде және батпақты қамысты шалғындары астында қалыптасады. Топырақтың қайнауы бетінен басталады. Жер бетінде тұздардың бөлінуі 0,032-0,070 %, ал тереңдікте

50 см –татты-қоңыр дақтар түріндегі темір тотығы байқалады. Топырақтың 10 см-ге дейінгі қабаты сұр түсті, әлсіз, борпылдақ; 10-25 см бастап ашық, ылғалды ұнтақ-тұздары бар саздар.

Таулы-шалғынды топырақтар бейімінің әлсіз қыртысты сараланған қабаты бар.

(A1) бірте-бірте қиыршық тасты топырақ түзуші жынысқа өтеді. Шым қабатында қарашіріктің жоғары болуы 6,59 рН қышқыл реакциясымен сипатталады. Жалпы құрамы бойынша гуматты-фульватты құрамның органикалық заты немесе хлорит-гидрослюдты. Шабындық өсімдіктер астындағы карбонатсыз тұқымдарда қатты ұсақталған жыныстардағы карбонатты жыныстардың элювиялары ылғалды биік таулы жерлерде пайда болады.

Топырақтың түрлері бар кешенде бөлінген барлық зерттелген аумақта, тамырлы тұқымдардың жоғарғы бетке(40%) шығу жолдары кездеседі.

Топырақтардың механикалық құрамы бойынша барлық топырақтар орташа саздақты, топырақ түзетін жынысты ауыр саздаққа дейін ауырлататын болып келеді. Қуатына байланысты ұсақ жер қабаты терең (80 см астам), орташа (50-80) ұсақ (50 см-ге дейін) болып бөлінеді. Топырақтың топтарға бөлуі негізінен профильдік және тастақты болады. I-топтағы орманға жарамды топыраққа ауданы 516,5 га немесе 71,4 % терең профильді топырақтар, сондай-ақ осы топырақтың ДКП 5-10% бар кешендері жатқызылған. Оның ішінде көшеттеуге 104,5 гектар немесе жалпы алаңның 14,5 пайызы тағайындалды. Бұл зерттелген аумақтағы

топырақтың ең жақсы. Агротехниканы тиісінше ұстанса Шеренка шыршасының екпелерінен орман құруға болады.

II-топтағы 28,6 %, яғни 206,5 га жердегі топырақ орман екпелері жұмыстарына жарамсыз Бұл топырақ ұсақ профильді ВКП 25-40 % қатты ұсақ тасты, сондай-ақ бұл топырақтардың кешендері 40%-дан аспайтын терең профильді немесе орташа профильді топырақтар.

Бұл жерлерге орман дақылдарын құру ұсынылмайды, себебі топырақты өңдеу (алу) кезінде отырғызылатын өсімдіктер қалыңдатылған қабатқа түседі де ылғал мен нәрлі заттардың жетіспеушілігінен өліп кетуі мүмкін.

Ұлттық парк аумағының топырағын ластаушы заттар жоқ [106].

2.2.4 Гидрологиясы

Аумақтың гидрологиялық жағдайы оның физика – географиялық және геологиялық – геоморфологиялық ерекшеліктерімен айқындалады. Аймақ, биік таулы белдеулік аймақтарға жатады, жауын шашын мөлшері мол, булану мөлшері аз себебі мәңгі мұз бен қарлы аймақтардың жақын болуынан сондай ақ бұлар жер асты суларының пайда болуына жақсы алғы шарттар. Жер асты сулары гидрокарбонатты, минералы аз жоғарғы сапалы сулар.

Күнгей Алатаудың солтүстік шығыс баурайларында, Көлсай, Саты, Қайыңды және Қарабұлақ өзендерінің төменгі жақтарында төменгі төрттік флювиогляциалды шөгінділеріндегі жер асты суларының тығыздығы 1001кг/м³ дейін барады. Флювиогляциалды материал құмдардан, жұмыр тастардан тұрады. Су тұтқыш горизонттың қуаттылығы салыстырмалы түрде тұрақты және 10-15м құрайды. Бұлардың дебиті 0,05 тен 0,5л/сек аясында. Сулар құрамы бойынша гидро карбонатты кальцийлі, жалпы минералдығы 130-260 мг/л, қуаттылығы 0,7 ден 6 мг-экв дейін.

Тау етегіндегі жазық далаға жер асты сулары ұштасып жатыр, олар тау баурайларынан аққан жер үсті суларынан, атмосфералық шөгінділердің сүзілімдерінен қоректенеді. Бұл жердегі қалыптасқан сулар тұщы, құрамы гидро карбонатты кальцийлі және сульфатты – гидро карбонатты кальцийлі – натрийлі болып келеді. Өзен көлдері су деңгейі қалыпты [106].

2.3 Зерттеу әдістері

Нерatica falconeri ценопопуляцияларының геоботаникалық зерттеу әдістері

Қазіргі таңда қай сала болмасын зерттеудің популяциялық әдісі сұранысқа ие. Бұл әдіс белгілі бір өсімдік қауымдастығында түрдің дамуын көрсететін, көптеген әртүрлі көрсеткіштерге негізделген.

Тұқым арқылы және вегетативтік көбеюден пайда болған дарақтар, сонымен қатар (шығу тегі вегетативтік дарақтар жиынтығы) және дарақтар бөліктері (фитомер, өркен, жапырақ, парциалды бұта) ценопопуляциясының құрылымдық бірлігі ретінде қарастырылады. *Н. falconeri* өсімдігінің биологиялық

ерекшеліктерін анықтау үшін популяцияның жан-жақты талдауы жасалды [107, 108].

Зерттеулер 2018-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 ақпандағы №88 Қаулысымен құрылған «Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында жүргізілді.

Зерттеу әдістерінің бірі – маршруттық-рекогносцировка арқылы аумақты тексеру. Далалық жұмыстар көктем-жаз және күз айларында жүргізілді, бұл кезде флораның жалпы құрамын зерттеу мен стационарлық алаңдарда мониторинг жүргізумен қатар, мақсатты түрде *H. falconeri* популяциялары іздестірілді. Аумақты тексеру қолда бар карталары мен GPS-навигаторын (GPS ETREX 20, Garmin) пайдалану арқылы жүргізілді. Барлық табылған өсу нүктелері тіркеліп, мұқият тексерілді, ол үшін геоботаникалық сынақ алаңдары құрылды, олардың сипаттамасы жалпы қабылданған әдістемеге сәйкес жүргізілді [109].

Сонымен қатар, жеке далалық жұмыстар 2021 жылдың мамыр айында Жоңғар Алатауы, Қоғалы шатқалы және 2021 жылдың маусым айында Кетмен жотасы, Қырғызсай шатқалында жасалды, онда әдеби деректер бойынша *H. falconeri* түрінің өсу орындары тексерілді [110]. Алайда, аталған нүктелерде *H. falconeri* түрі табылған жоқ. Қосымша зерттеулер 2021 және 2022 жылдары маусым айларында Күнгей Алатауының оңтүстік беткейінде орналасқан Чон-Ақсу шатқалында жүргізілді. Бұл жерде біз *H. falconeri* популяцияларын «Көлсай көлдері» аумағында қолданылған әдістер мен тәсілдермен зерттедік, сол арқылы бірдей жотаның солтүстік және оңтүстік беткейлерінде зерттелетін түрдің биологиясы туралы салыстырмалы деректер алуды мақсат еттік.

H. falconeri түрінің Қазақстандағы жалпы ареалын және таралуын нақтылау үшін барлық қолжетімді флоралық жинақтар мен басқа да әдеби дереккөздер, сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің гербарий қоры, Алматы қаласындағы Ботаника және фитоинтродукция институты, Мәскеу мемлекеттік университетінің гербарийі [102] және Plantarium сайтының материалдары [85] зерттелді.

H. falconeri ценопопуляцияларындағы (цп) түрдің морфогенезі, дарақтардың дамуы және онтогенетикалық құрылымы, өсімдіктердің популяциялық биологиясында жалпы қабылданған Т.А. Работновтың [26], А.А. Урановтың [28] және оның оқушыларының [24, 25] әдістерімен тәсілдерін пайдалану арқылы жүргізілді.

Ценопопуляциялардың онтогенетикалық құрылымын, ценопопуляциялардағы әртүрлі онтогенетикалық топтар ретінде қарастырдық. Ценопопуляцияларды сипаттауда А.А. Уранов пен О.В. Смирнова [112], ұсынған онтогенетикалық топтардың абсолюттік максимум классификациясы қолданылды.

Жастық күйлерді анықтауда А.А. Уранов [27] схемасы пайдаланылды: р – өскендер; j – ювенильдік дарақтар; im – имматурлық; v – виргинильдік және жас

генеративтік; g1 – жас генеративтік; g2 – орташа немесе пісіп жетілген генеративтік; g3 – қартайған генеративтік; ss субсенильдік; s – сенильдік; sc – қурап қалған дарақтар.

Жастық құрамын анықтауда зерттелген әрбір нүктеде трансекталар салынды. Зерттелген аймақтың рельефіне байланысты, 10-20 м сайын ауданы 1 м² үлгі алаңшалары салынды. Әрбір үлгі алаңшасында зерттеуге алынған түрдің барлық дарақтары жастық күйіне байланысты есепке алынды. Популяцияның тығыздығы 1 м² аудандағы түрдің дарақтар санымен бағаланады.

Негізгі параметрлер негізінде ортаның фитоценодикалық және экологиялық ерекшеліктері анықталады. Өсімдіктер қауымдастықтарының табиғи жағдайы сипатталады [113]. Түрлік құрамы мен тіршілік формалары [114, 115] айқындалды. Үлгі алаңшаларындағы (1 м²) дарақтардың байлығы [114, 116], саны анықталды.

Сирек түрді өсімдік қауымдастығында зерттеу өсу ортасының географиялық жағдайын зерттеуден, сипаттау күні мен автордан басталады. Одан кейін негізгі параметрлер бойынша ортаның фитоценодикалық және экологиялық ерекшеліктері айқындалады.


Ценопопуляциялар кездесетін өсімдік қауымдастықтарының флоралық құрамын анықтауда, тұқымдастар А. Энглер жүйесі бойынша келтірілді, ал туыс пен түрлердің атаулары алфавиттік тәртіппен берілді. Өсімдік түрлерінің номенклатурасы Абдулина (1999) [117] және Черепанов (1995) [118] бойынша анықталды. Сонымен қатар, анықталған түрлерді заманауи мәліметтер бойынша Plants of the World Online (POWO) бағдарламасымен нақтыланды [119]. Өсімдік түрлерінің қазақша атаулары Арыстанғалиев пен Рамазанов (1977) [120] еңбегіне негізделді.

Өсімдік түрлерін анықтауда «Қазақстан флорасы» (1956-1966) [8] және «Иллюстративный определитель растений Казахстана» (1969) [121] нұсқаулықтары пайдаланылды. Гербарий үшін өсімдіктерді жинау және кептіру Скворцов (1977) [122] әдісі бойынша жүзеге асырылды.

H. falconeri түрін зерттеу нүктелер 4-суретте көрсетілген: 1 – популяция «Көлсай көлдері» МҰТП Талды шатқалы (теңіз деңгейінен биіктігі 1672-1742 м), Талды өзенінің сол жақ беткейінде орналасқан; 2 – популяция популяция «Көлсай көлдері» МҰТП Царские ворота сайы (теңіз деңгейінен биіктігі 1934-1993), Талды өзенінің сол жақ беткейінде орналасқан; 3 – популяция Чон-Ақсу шатқалы (теңіз деңгейінен биіктігі 1966-2192), Чон-Ақсу өзенінің сол жақ беткейінде орналасқан (кесте 3, сурет 4).

Кесте 3 – *Hepatica falconeri* зерттеу аумақтары

Ценопопуляция	Орналасуы	Биіктігі (м)	GPS-координаттары	
			N	E
Ценопопуляция 1	Күнге́й Алатауы, «Көлсай көлдері» МҰТП Талды шатқалы	1692	43°00'55,8"	078°13'840"
Ценопопуляция 2		1742	43°00'52,2"	078°15'31,6"
Ценопопуляция 3	Күнге́й Алатауы, «Көлсай көлдері» МҰТП Царские ворота сайы	1993	42°59'445"	078°13'677"
Ценопопуляция 4		1934	42°59'556"	078°13'840"
Ценопопуляция 5	Күнге́й Алатауы, Чоң-Ақсу шатқалы	1966	42°46'29.19"	077°28'24.65"
Ценопопуляция 6		2192	42°49'21.23"	077°26'57.81"



1 – Талды шатқалы; 2 – Царские ворота сайы; 3 – Чон-Ақсу шатқалы

Сурет 4 – Зерттелген *Hepatica falconeri* популяцияларының орналасу картасы

Hepatica falconeri өсімдігінің вегетативтік және генеративтік мүшелерінің анатомиялық құрылысын зерттеу

Экспедиция барысында өсімдіктер гербарий дайындау мақсатында жиналды. *Hepatica falconeri* өсімдігінің анатомиялық құрылысының ерекшеліктерін анықтау үшін өсімдік материалы фиксацияланды. Жиналған материалдардың анатомиялық кесінділерінің уақытша препараттары жасалды, кесінділердің орташа қалыңдығы 10-15 мкм болды. Өсімдіктер материалын фиксациялау үшін Страсбургер-Флемминг әдістемесі қолданылды. Фиксация 1:1:1 қатынасындағы спирт-глицерин-судан тұрды. Фиксация 96% этил спиртінде дайындалды. Зерттелген өсімдік түрінің жер үсті және жер асты мүшелері фиксацияланды.

Анатомиялық препараттар мұздатқыш құралы бар ТОС-2 микротомы арқылы дайындалды. Прозина М.И. [123], Пермьяков А.И. [124], Барыкина Р.Т. [125] әдістері бойынша анатомиялық кесінділер глицеринде сақталды. Кесінділердің қалыңдығы 10-15 мкм болды. Микрофотосуреттер жасау және биометриялық

талдау жүргізу үшін 100-ге жуық уақытша препарат дайындалды. Биометриялық көрсеткіштер сандық талдау үшін МОВ-1-15 окуляр-микрометрі (үлкейту x10,7, объектив x9) арқылы есептелді.

Анатомиялық кесінділердің микрофотосуреттері САМ V400/1/3м видеокамерасы бар МС300 (Micros, Австрия) микроскопы арқылы түсірілді. Морфометриялық көрсеткіштердің статистикалық өңделуі Лакин Г.Ф. [126] және Удольская Н.Л. [127] әдістемелері негізінде, сондай-ақ Microsoft Office Excel 2003 бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды. Зерттеу барысында жер үсті және жер асты вегетативтік (жапырақ, тамыр) және генеративтік (генеративті өркен) мүшелерінің салыстырмалы сипаттамасы берілді. Анатомиялық сипаттама жасау үшін жалпы қабылданған терминдер қолданылды [128, 129].

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

3.1 Күнгей Алатауының солтүстік және оңтүстік бөлігіндегі сирек кездесетін *Hepatica falconeri* (Thoms.) Steward. (*Ranunculaceae* Juss.) түрінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайы

3.1.1 *Hepatica falconeri* ценопопуляцияларының экологиялық-ценотикалық ұштастығы

Күнгей Алатауының *H. falconeri* өсімдігінің үш популяциясы табылып, алға қойылған мақсат және міндеттерге сәйкес комплексті зерттеу жүргізілді. Әр популяциядан 2 ценопопуляция, барлығы 6 ценопопуляция зерттелді. Құрамында *H. falconeri* өсімдігі кездесетін өсімдік қауымдастықтарында геоботаникалық сипаттама жүргізілді [130-133], нәтижесінде олардың экологиялық-ценотикалық ұштастығы анықталды [134-138].

Бірінші популяция – Күнгей Алатауының солтүстігінде орналасқан «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Талды шатқалында теңіз деңгейінен 1692-1742 м биіктікте шыршалы орманды белдеуінде табылды. Бұл учаскеде бірінші және екінші ценопопуляциялар зерттелді.

Бірінші ценопопуляция (ЦП 1) – Талды шатқалында Талды өзенінің сол жағалауындағы шыршалы орманды белдеуінде батыс жотасының тіктігі 60° шамасында, теңіз деңгейінен 1692 м биіктікте табылды, GPS координаттары N 43°00'55,8", E 078°13'840". Бұл учаскенің өсімдіктер жабыны бұталы-шыршалы сиретілген шөптер қауымдастығынан (*Picea schrenkiana*, *Cotoneaster alata*, *Spiraea lasiocarpa*, *Rosa albertii*, *Atragene sibirica*, *Kaufmannia semenovii*, *Rheum wittrockii*, *Aegopodium alpestre*, *Sedum ewersii*, *Lathyrus pisiformis*, *Vicia sepium*, *Erysimum hieracifolium*, *Iris loczyi*, *Fragaria vesca*, *Chelidonium majus*) тұрады. Топырағы қара топырақ, қарашірікті. Жер бетін үлкен тастар 30% дейін жауып жатыр. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 75-80%. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 40-50 м, ені 10-15 м.

Екінші ценопопуляция (ЦП 2) – Талды шатқалында Талды өзенінің оң жағалауындағы тасты шығыс жотасының тіктігі 90° шамасында, теңіз деңгейінен 1742 м биіктікте орналасқан, GPS координаттары N 43°00'52,2", E 078°15'31,6". Бұл учаскенің өсімдіктер жабыны бұталы-шыршалы сиретілген шөптер қауымдастығынан (*Picea schrenkiana*, *Cotoneaster alata*, *Ribes meyerii*, *Rosa albertii*, *Kaufmannia semenovii*, *Aconitum leucostomum*, *Tussilago farfara*, *Cystopteris fragilis*) тұрады. Топырағы қара топырақ, қарашірікті. Жер бетін үлкен тастар 60% дейін жауып жатыр. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 55-60%. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 10-12 м, ені 10-15 м.

Екінші популяция – Күнгей Алатауының солтүстігінде орналасқан «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Царские ворота сайында теңіз

деңгейінен 1934-1993 м биіктікте шыршалы-бұталы орманды белдеуінде табылды. Бұл учаскеде үшінші және төртінші ценопопуляциялар зерттелді.

Үшінші ценопопуляция (ЦП 3) – Царские ворота сайында Талды өзенінің сол жағалауындағы шыршалы-бұталы орманды белдеуінде батыс жотасының тіктігі 70° шамасында, теңіз деңгейінен 1993 м биіктікте табылды, GPS координаттары N 42°59'445", E 078°13'677". Топырағы таулық қара топырақ. Өсімдіктер жамылғысын бұталы-қылқан жапырақты қауымдастық (*Cotoneaster alatavicus*, *Juniperus sabina*, *Rosa albertii*, *Lonicera stenantha*, *Aegopodium alpestre*, *Iris loczyi*, *Alchemilla sibirica*, *Poa nemoralis*, *Milium effusum*) құрайды. Жер бетін үлкен тастар 50% дейін жауып жатыр. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 45-50%. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 20-25 м, ені 20-25 м.

Төртінші ценопопуляция (ЦП 4) – Царские ворота сайында Талды өзенінің сол жағалауындағы шыршалы-бұталы орманды белдеуінде батыс жотасының тіктігі 60° шамасында, теңіз деңгейінен 1934 м биіктікте табылды, GPS координаттары N 42°59'556", E 078°13'840". Өсімдіктер жамылғысын әртүрлі шөпті-бұталы қауымдастықты (*Rosa albertii*, *Lonicera stenantha*, *Alchemilla sibirica*, *Lathyrus pisiformis*, *Geranium albiflorum*, *Cortusa brotheri*, *Alfredia nivea*, *Tussilago farfara*) құрайды. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 50-60%. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 10-15 м, ені 5-10 м.

Үшінші популяция – Күнгей Алатауының шығысында орналасқан Чоң-Ақсу шатқалында теңіз деңгейінен 1966-2192 м биіктікте шыршалы орманды белдеуінде табылды. Бұл учаскеде бесінші және алтыншы ценопопуляциялар зерттелді.

Бесінші ценопопуляция (ЦП 5) – Чоң-Ақсу шатқалында Чоң-Ақсу өзенінің сол жағалауындағы шыршалы орманды белдеуінде шығыс жотасының тіктігі 60° шамасында, теңіз деңгейінен 1966 м биіктікте табылды, GPS координаттары N 42°46'29.19", E 077°28'24.65". Бұл учаскенің өсімдіктер жабыны бұталы-шыршалы-алуаншөпті қауымдастығынан (*Picea schrenkiana*, *Atragene sibirica*, *Kaufmannia semenovii*, *Juniperus sabina*, *Rosa alberti*, *Cotoneaster melanocarpus*, *Sorbus tianschanica*, *Linaria vulgaris*, *Pyrethrum alatavicum*) тұрады. Топырағы қара топырақ, қарашірікті. Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 80-85%. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 40-50 м, ені 10-15 м.

Алтыншы ценопопуляция (ЦП 6) – Чоң-Ақсу шатқалында Чоң-Ақсу өзенінің оң жағалауындағы шыршалы орманды белдеуінде батыс жотасының тіктігі 60° шамасында, теңіз деңгейінен 2192 м биіктікте табылды, GPS координаттары N 42°49'21.23", E 077°26'57.81". Өсімдіктердің жалпы проекциялық жабыны (өсімдік жамылғысы) – 60-75%. Топырағы қара топырақ, қарашірікті. Бұл учаскенің өсімдіктер жабыны бұталы-шыршалы сиретілген шөптер қауымдастығынан (*Picea schrenkiana*, *Sorbus tianschanica*, *Spiraea lasiocarpa*, *Berberis sphaerocarpa*,

Cystopteris fragilis, *Elymus tianschanigenus*, *Trisetum sibiricum*, *Urtica dioica*, *Silene lithophila*, *Myosotis asiatica*, *Pyrethrum alatavicum*, *Geranium collinum*) тұрады. Ценопопуляция ауданының ұзындығы 10-15 м, ені 10-15 м.

3.2 *Hepatica falconeri* өсімдігі популяциясы кездесетін өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамы

Зерттелетін түрдің қатысуымен қауымдастықтардың ценофлораларының флоралық құрамы зерттелінді. Сирек кездесетін өсімдіктің таралуы туралы мәліметтер бағалы өсімдік түрлерінің табиғи кешендерін бұзбай, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда популяцияны сақтауға және рекреациялық, орман шаруашылығы және агротехникалық жұмыстарды ұтымды жүргізуге мүмкіндік береді.

Далалық жұмыстар Күнгей Алатауының солтүстік беткейіндегі Талды шатқалында, Күнгей Алатауының оңтүстік беткейіндегі Чон-Ақсу шатқалында жүргізілді және А. Садырованың [98] Кетмен жотасында жүргізген жұмыстарының нәтижесімен салыстырмалы түрде сипатталды (кесте 4).

Серебряков бойынша тіршілік ету формалары, (1962) [139]: А – ағаштар, Б – бұталар, ЖБ – жартылай бұталар, Кж – көпжылдық өсімдіктер, Еж – екіжылдық өсімдіктер, Бж – біржылдық өсімдіктер.

Кесте 4 – Зерттелген қауымдастықтардың ценофлорасының құрамы

***Hepatica falconeri* қатысуымен қауымдастықтардың флоралық құрамы**

№	Тұқымдас, түр	Тіршілік формасы	Ареал типі	Зерттелген аумақтар		
				Т	Ч-А	К
1	2	3	4	5	6	7
	Equisetaceae Rich. ex DC.					
1.	<i>Equisetum hyemale</i> L.	Кж	Голарктикалық	+	-	-
2.	<i>Equisetum arvense</i> L.	Кж	Голарктикалық	+	-	-
	Aspleniaceae Newman					
3.	<i>Cystopteris fragilis</i> (L.) Bernh.	Кж	Космополиттік	-	+	-
4.	<i>Asplenium trichomanes</i> L.	Кж	Космополиттік	+	-	+
	Polypodiaceae Bercht. Et C. Presl					
5.	<i>Polypodium vulgare</i> L.	Кж	Голарктикалық	+	+	+
	Ephedraceae Dumort.					
6.	<i>Ephedra equisetina</i> Bunge	Б	Таулыортазиялы-ирандық	+	-	-
	Pinaceae Lindl.					
7.	<i>Picea schrenkiana</i> Fisch. et C.A. Mey.	А	Таулыортазиялы-ортазиялық	+	+	+
	Cupressaceae Bartl.					
8.	<i>Juniperus sabina</i> L.	Б	Палеарктикалық	+	+	-

4-кестенің жалғасы-						
	Poaceae Barnhart					
9.	<i>Agrostis gigantea</i> Roth	Кж	Голарктикалық	+	-	-
10.	<i>Bromopsis inermis</i> (Leyss.) Holub	Кж	Голарктикалық	+	-	-
11.	<i>Dactylis glomerata</i> L.	Кж	Палеарктикалық	+	-	-
12.	<i>Deschampsia cespitosa</i> (L.) P. Beauv.	Кж	Голарктикалық	+	-	-
13.	<i>Elymus tianschanigenus</i> Czerep.	Кж	Таулыортазиялық	+	+	-
14.	<i>Elytrigia repens</i> (L.) Nevski	Кж	Палеарктикалық	-	-	+
15.	<i>Milium effusum</i> L.	Кж	Голарктикалық	+	-	-
16.	<i>Phleum phleoides</i> (L.) H. Karst.	Кж	Еуразиялық дала	-	+	-
17.	<i>Poa nemoralis</i> L.	Кж	Голарктикалық	+	+	-
18.	<i>Poa versicolor</i> Besser (<i>Poa relaxa</i> Ovcz.)	Кж	Ортақазақстандық- таулыортазиялық	-	-	+
19.	<i>Trisetum sibiricum</i> Rupr.	Кж	Голарктикалық	-	+	-
	Cyperaceae Juss.					
20.	<i>Carex alexeenkoana</i> Litv.	Кж	Жоңғар-памиралайлық	-	-	+
21.	<i>Carex</i> sp.	Кж		+	-	-
	Amaryllidaceae J.St.-Hil.					
22.	<i>Allium hymenorhizum</i> Ledeb.	Кж	Таулыортазиялық	-	+	-
23.	<i>Allium semenowii</i> Regel	Кж	Жоңғар-памиралайлық	-	-	+
24.	<i>Allium</i> sp.	Кж		+	+	-
25.	<i>Allium tianschanicum</i> Rupr.	Кж	Жоңғар-памиралайлық	+	-	-

4-ші кестенің жалғасы						
	Asparagaceae Juss.					
26.	<i>Polygonatum roseum</i> (Ledeb.) Kunth	Кж	Алтай- таулыортазиялық	+	-	-
	Liliaceae Juss.					
27.	<i>Gagea</i> sp.	Кж		-	-	+
	Iridaceae Juss.					
28.	<i>Iris ruthenica</i> Ker Gawl.	Кж	Таулысібір- тяньшаньдық	+	-	-
	Salicaceae Mirb.					
29.	<i>Salix</i> sp.	А		+	-	-
	Orchidaceae Juss.					
30.	<i>Dactylorhiza umbrosa</i> (Kar. et Kir.) Nevski	Кж	Таулыортазиялы- гималайлық	+	-	-
31.	<i>Epipactis helleborine</i> (L.) Crantz	Кж	Палеарктикалық	+	-	-
32.	<i>Goodyera repens</i> (L.) R. Br.	Кж	Голарктикалық	-	-	+
	Betulaceae S.F. Gray					
33.	<i>Betula tianschanica</i> Rupr.	А	Таулыортазиялық	++	-	-
	Urticaceae Juss.					
34.	<i>Urtica dioica</i> L.	Кж	Таулысібір-ирандық	+	+	-
	Polygonaceae Juss.					
35.	<i>Rheum wittrockii</i> C.E.Lundstr.	Кж	Жоңғар-памиралайлық	+	-	-
	Caryophyllaceae Juss.					

4-ші кестенің жалғасы						
36.	<i>Minuartia verna</i> (L.) Hiern	Кж	Арктомонданды- циркумполярлық	-	+	-
37.	<i>Moehringia umbrosa</i> A. Gray	Кж	Алтай- таулыортазиялық	+	-	-
38.	<i>Silene lithophila</i> Kar. et Kir.	Кж	Жоңғар- шығыстыяньшаньдық	-	+	-
39.	<i>Stellaria soongorica</i> Roshev.	Кж	Таулыортазиялық	+	-	-
Ranunculaceae Juss.						
40.	<i>Aconitum leucostomum</i> Vorosch.	Кж	Алтай-тяньшаньдық	+	-	-
41.	<i>Aquilegia atrovinosa</i> Popov ex Gamajun.	Кж	Тяньшань- памиралайлық	-	-	+
42.	<i>Atragene sibirica</i> L.	Б	Таулысібір- таулыортазиялық	+	+	-
43.	<i>Hepatica falconeri</i> (Thomson) Steward	Кж	Жоңғар-гималайлық	+	+	+
